

БАЙҚАУ

"САМҒАУ" СЫҰЛЫҒЫНЫҢ

жүлдегерлері марапатталды

Жылдан – жылға салмағы артып келетін алқалы бас қосуға облыс көлеміндегі жүлдеден үмітті, сайдың тасындай ақпарат саласының кіл мықтылары бас қосқан. Талдықорғандағы сәулеті келіскен Бикен Римова атындағы облыстық драма театры да айтулы мерекеге лайықтап, айрықша безендірілген. Танымал «Kazakh Quartet» тобының классикалық әуезді қойылымы кеш шымылдығын ашып, жеңімпаздарды көруге асық жұртты бір желпітті. Ашылу салтанатында сөз алған аймақ басшысы Амандық Баталов өңір журналистерінің біліктілігін қашанда мақтан тұтатындығын жеткізді.

–Иссапарлармен қайда барсам да жұрт Жетісуды мақтайды, оның әсем табиғаты мен сәулетті ғимараттарын сөз етеді. Мұның бәрі журналистер – сіздердің арқаларыңыз. Себебі, сіздер жұрттың жағдайын басты назарда ұстап, халыққа жеткізіп отырсыздар. Егемен еліміздің жарқын жетістіктері мен толайым табыстары әрбір азаматтың көңіліне қуаныш сыйлайды. Ал сол жетістіктерге жетісуліктердің да қосқан үлесі зор. Біз мәдениет, әдебиет, әлеумет, экономика сынды сан сала бойынша толымды көрсеткіш көрсетіп келеміз. Талдықорған шаһары күннен-күнге көркейіп келеді. Алдағы уақытта сіздер осы көрсеткіштерімізді бұқараға жеткізетін ақпарат май-талмандары бола береді деген үміттемін – деген облыс әкімі марапатқа ие болған журналистерді қуанышымен құттықтап, алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.



ТАЛДЫҚОРҒАНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ТАҒАЙЫНДАҒАН ПРЕМИЯСЫ - ДӘСТҮРЛІ «САМҒАУ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттауды басты мақсат еткен байқау ұйымдастырушылары осы негіздегі материалдарға басымдық беріпті. Биылғы байқауға 11 аталым бойынша 145 материал қабылданса, солардың арасынан бағы

мен бабы келіскен өңірлік ақпарат саласының 33 жеңімпазы анықталғандығы белгілі болды. Мәселен, «Үздік тележурналист» номинациясы бойынша облыстық «Жетісу» телеарнасының редакторы Мадина Айтқалиқызы жеңімпаз деп танылса, «Үздік бейнеклип

өңдеуші», «Үздік оператор» аталымдары осы арнаның режиссері Шалқар Құсайынов пен оператор Айдос Қалиевке бұйырды. Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Зейнегүл Жұмабекова «Үздік тілші» номинациясын, «Үздік фотосуретші» номинациясын Жеңіс Ысқабай қанжығасына байлады. Сондай-ақ, «Баспа басылымының ең үздік дизайны, инфографика» аталымымен «Талдықорған» газетінің беттеушісі Айжан Сәдуақасова марапатталды. Ал облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреевке «Үздік журналист» номинациясы бұйырды. «Үздік облыстық Vlog немесе үздік блогер» аталымын Сандуғаш Дүйсенова иеленсе, «Үздік республикалық (халықаралық) тілші» болып Әділхан Сахариев танылды. Ognialatau.kz сайты «Үздік желілік басылым» мәртебесін жеңіп алды. Ардагерлерге берілетін «Облыстық журналистика саласына қосқан үлесі үшін» аталымы аймақтың гүлденуі үшін аянбай еңбек еткен Тілеуқабыл Мыңжасарұлына табысталды. Байқаудың 2 және 3 орындарымен өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек ететін өзге де тілшілер марапатталып, қаржылай сыйлықтарға ие болды.

Марапат соңы эстрада жүлдыздарының арнайы концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Еске сала кетейік, Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін журналистер арасындағы «Сам-ғау» байқауы биыл 3 жыл өткізіліп отыр. Ол өңір дамуына ақпараттық қолдау көрсеткен БАҚ өкілдерін ынталандыру мақсатында ұйымдастырылады.

А. НАЗЫМҰЛЫ.

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін

1 жылға – 4470, 20 теңге.

ауыл тұрғындарына

1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год

на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

1 год – 3640 тенге.

для города областного значения

1 год – 4470, 20 тенге.

для сельского населения

1 год – 4700, 80 тенге.

Индекс: 15534

МАҚТАНЫШ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЗОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ФАКТИСІН АНЫҚТАП, КІНӘЛІНІҢ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛУЫНА МҰРЫНДЫҚ БОЛҒАН, ЕҢ БАСТЫСЫ ЖӘБІР КӨРГЕН ЖАСӨСПІРІМГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТИП, ЖАРҚЫН ӨМІРГЕ БЕТ БҰРҒЫЗҒАН МАТАЙ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ПСИХОЛОГЫ АЖАР ДҮЙСЕНБЕКОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімі Ажар Дүйсенбекова жайлы блогер Жанна Ахметованың Facebook парақшасынан білгенін айтты. Оқиғадан бері біраз уақыт өткенімен, бұл психологты кәсібилігі үшін марапаттауға кедергі емес екенін де жеткізді.

- Бүгінгі күні әрбір педагог, әрбір психолог осылай жұмыс істеуі керек. Балалар суицидін алдын алып, қиын жағдайда оларға кәсіби маман ретінде көмектесе білді. Қазіргі кезде суицид неге өсіп кетті? Қиын жағдайға тап болғанда жасөспірімдер тұйыққа тіреліп, жарқын өмірге шығатын жол таппай қалады. Айналасында адам толып жүрсе де, проблемасымен жалғыз өзі бетпе-бет келеді. Сондай кездерде баланың көңіл күйін байқап, әңгімелесіп, тығырықтан шығатын жол көрсету – отбасында ерқайсымыздың міндетіміз, ал мектепте мұғалімнің жауапкершілігінде. Сол жауапкершілікті үлкен абыроймен атқардың. Сенің осы кәсіби біліктілігің барлық педагогтарға үлгі болуы керек, - деп ризашылығын білдірген облыс әкімі А. Баталов, Ажар Дүйсенбековаға Құрмет грамотасын ұсынып, ноутбук сыйға тартты.

Ажар Дүйсенбекова 11 жылдан бері Матай орта мектебінде психолог маман болып жұмыс істейді. Отбасында үш ұл тәрбиелеп отырған бақытты ана. 2018 жылы екі бірдей жасөспірім қыздың тағдырына араша түсіп, жәбір көрсетушінің заңға сәйкес жазасын алуына, ал қыздардың жаңа өмір бастауына маман ретінде атсалысқан психолог.

ТУРИЗМ

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА

Алматы облысында туризмді дамыту белсенді жүргізілуде. Бір ғана Ұйғыр ауданының өзінде 346,5 млн. теңгеге 62 мыңға жуық адамға ақылы туристік-сауықтыру қызметі көрсетілген, яғни өсім - 8,7%. Ауданда Шағын шатқалы, Шаған тоғайы, Ыстық су мен таулы аймақтар енгізілген бірыңғай туристік маршрут құру жұмысы жүргізілуде.

Бұл туралы Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың аудан, қала әкімдерімен 2019 жылдың қорытындысы мен 2020 жылға жоспарлары туралы өткізген тыңдауы барысында айтты.

Ұйғыр ауданының әкімі Шухрат Нурахановтың айтуынша, ауданда Шарын ұлттық табиғи паркі, «Арасан» аумағындағы 51 демалыс аймағы, сол сияқты қонақ үйлер, аңшылық үйлер т.б. бар. Олар бір мезгілде 2630 адам қабылдай алады. 4 туристік маршрут жасалған, оның ішінде туризмнің танымдық, экологиялық және басқа да түрлері бар. 2020 жылы ыстық су көздерінде 3 жаңа демалыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Шарын шатқалы, Шаған тоғайы, ыстық су көздері мен таулы аймақтарды енгізе отырып, бірыңғай туристік маршрут құру жұмыстары жалғасын жатыр. Қазір осындай өзіндік ерекшелігі бар туристік кластерді «Эко

Парк Тур» ЖШС дамытып келеді. Осы кластерді одан әрі дамыту үшін Алматы-Көкпек-Шонжы трассасы жағынан Шарын шатқалына кіре беріс 22 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстарын жасау қажет. Осы мақсатта биылғы жылы төлқұжаттау жасалды, енді ЖСҚ-сын дайындау қажет. Сол сияқты «Горный» лагеріне апаратын жолға орташа жөндеу жүргізу керек.

Облыс әкімі Амандық Баталов Ұйғыр ауданында барлық көрсеткіш бойынша өсім бар екенін атап өтті.

Туризм саласында Алакөл ауданында да бірқатар шаруа тындырылған. Аудан әкімі Әлібек Жақанбаевтың сөзінше, Алакөл көлінің жағалауында күніне 23 мыңнан астам туристік қызмет көрсетіледі, 244 демалыс орны жұмыс істейді. Биылғы жылы 35 нысанда 1291 орын ашылған, аудан экономикасына 2,6 млрд. теңге инвестиция тартылған. Жалпы жыл қорытындысы бойынша 8 млрд. теңге көлемінде туристік қызмет көрсетіліпті.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес ауданда Ақши ауылының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасуда. Олардың қатарында саябақтың, жағажай волейболына, футболға, тенниске арналған спорт алаңдарының құрылысы, су жүргізу, көріз және электр жүйелері құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу, сол сияқты Көктұма ауылын электр желілерімен қамту жұмыстары бар. Қаржы республикалық және облыстық бюджеттен қаралады. «Жалын» балалар лагерін жаңғырту жұмыстарына қатысты, облыс әкімі бұл істі мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі шеңберінде атқаруды тапсырды. Сол сияқты Ақши ауылына кіре берісті абаттандыру туралы аудан әкімінің ұсынысы қолдау тапты.

Қапшағай су қоймасының жағалауын абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Қала әкімі Талғат Қайнарбековтің сөзіне сүйенсек, су қоймасының жағалауында 146 туристік нысан бар. Жыл қорытындысы бойынша мұнда 800,0 мың адам демалған. Ал көрсетілген қызмет сомасы - 2100,0 млн.теңге, өсім қарқыны - 107,8%. Қалалық жағажайларды одан әрі көркейту аясында 1977,0 млн.теңгеге жағажай аймақтарын абаттандырудың 2-ші кезеңінің жобасы жасалды. Осы жобадан шағын және орта бизнестің 100 нысаны қарастырылған, оларда 700 жұмыс орны ашылады, тартылатын инвестиция көлемі 3,0 млрд. теңге шамасында. Сол сияқты Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауының инфрақұрылымын жақсарту жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Бұл қатарда көше жолдары да жөнделеді.

«Демалыс үйлеріне апаратын жолдар салып, жөндеуге жататынын қалпына келтіру керек. Жаяу жүргіншілер жолын төсеп, көшені жарықтандыруды да назардан тыс қалдырмаңдар», - деді облыс әкімі А. Баталов.

Т. Қайнарбековтің айтуынша, жоспарланған жұмыстардың және бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың арқасында 2020 жылы туристер легін 900,0 мың адамға, ал көрсетілетін туристік қызметтер көлемін 2300 млн. теңгеге жеткізу межеленген. Инвестиция көлемі - 2500,0 млн. теңге, 800 жұмыс орны құрылады.

Жиында Талғар және Жамбыл аудандарының әкімдері де мінбеге шығып есеп берді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖИЫН

Талдықорған қаласындағы 54380 әскери бөлімінде жол-көлік оқиғасын болдырмаудың алдын алу аясында жеке құрамның қатысуымен жалпы жиын өткізілді. Аталған шараға құқық қорғау органдарының қызметкерлері шақырылып, олар әскерилерге жол ережесіне қатысты қажетті мағлұматтар беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ЖОЛ-КӨЛІК АПАТЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заңға өзгертулер енгізуге қатысты тиісті тапсырмалар берді. Оның бірі алдағы жылдан бастап елімізде ішімдік ішіп рөлге отыратын жүргізушілерге қатысты жазаның қатандай түсетіндігі болатын. Соңғы жылдары орын алып жатқан жол апатының бірден бір себебі ішімдіктің салдарынан екендігін статистика айғақтап отыр. Рөлге мас күйінде отырған жүргізуші бейнебақылау камерасына да, полицейлердің жол-ережесі көрсетілген белгісіне де қарамайды.

Ендігі жерде алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішіп, көлік тізгінін басқарған жауапсыз жүргізушілер заң алдында қатаң жазаланбақ. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сәйкес, ішімдік ішіп көлік тізгіндегені үшін жазаның ең жеңіл түрі көлік жүргізу құқығынан 3 жылға айырылса, енді жауапсыз жүргізуші бұл құқықтан 4 жылға айырылады. Адам денсаулығы мен өзге көлікке зақым келтірген жағдайда бұл жаза 5 жылға ұзартылмақ. Ал құқық бұзушылық қайталанса, мерзім де ұзартылады. Ал көлік басқару куәлігі жоқтығына қарамастан,

рөлге қайта отырғандарға айыппұл көлемі қазірден қарағанда 5 есеге арта түспек. Демек, заңға қайшы әрекет еткендер 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді. Ал куәлігінен айырылған азаматқа көлігін тізгіндеуге берушілердің жазасы 70 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл болмақ. Сонымен қатар жүргізуші 15-тен 30 тәулікке дейін қамауға алынуы да мүмкін. Осындай қатаң жаза қолдану жөніндегі тапсырмалар заңды күшіне енгеннен кейін көлік апатының алдын алуға біршама тосқауыл болмақ.

Жиын барысында Талдықорған горнизонының әскери прокурорының көмекшісі подполковник Алпамыс Сұлтанқұлов, Талдықорған горнизонының әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің басшысы, әділет капитаны Думан Нүсіпов, 54380 әскери бөлімінің командирі, полковник Шоқан Саржигитов, Талдықорған горнизонының әскери полиция бөлімінің офицер анықтаушысы, әділет лейтенанты Айдын Суранчиев, Талдықорған горнизонының әскери полиция бөлімінің әскери автомобиль полиция бөлімшесінің басшысы капитан Әділет Оханов, Талдықорған қаласының полиция басқармасының инспекторы аға лейтенант Дархан Траповтар жеке құрамға жол-көлік оқиғаларын ескерту мен олардың алдын алуға бағытталған талаптармен таныстырды. Сондай-ақ аталған құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында күнделікті жол ережелерін сақтау туралы нұсқамалар берілді. Жиын соңында әр жүргізушіні отбасында жақын жандарының күтіп отыратындығы туралы әсерлі бейнеролик көрсетілді.

Жасұлан КАРИПҚАН,
54380 әскери бөлімінің
әскери тәртіп жөніндегі офицері, лейтенант.

АУДАН ТЫНЫСЫ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ескелді аудандық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракция отырысына аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымының төрағалары, бөлім басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды.

Күн тәртібінде «Nur Otan» фракциясының жыл ішінде атқарылатын жұмыстарын фракция мүшелері арасында талқылау және ұсыныс-пікірлерін жинақтау, 2019 жылдың қорытындысы бойынша аудандық депутаттық фракцияның атқарған жұмысы жайлы фракция жетекшісінің есебі туралы мәселелер талқыланды.

Фракция жетекшісі Д.Идрисов өз баяндамасында аудан көлемінде 1 облыстық, 12 аудандық мәслихат депутаттары бар екенін, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға тұрғындар арасында мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, рәсімі, мерзімдері туралы ақпараттық-насихаттау жұмыстарын күшейту, аудан тұрғындарының толық көлемде қамтылуын қамтамасыз ету бойынша бірқатар ұсыныстар берілгендігі жайлы айтты. Қоғамдық қабылдау жұмысын жандандыру бойынша аудандық мәслихат депутаттарының қабылдауын кестеге сәйкес уақытында сапалы өткізуді ұсынды.

Отырыс соңында аудандық мекеме басшыларына, аудандық мәслихаттың депутаттары, бастауыш партия ұйымының төрағаларына бірқатар ұсыныстар берілді.

Ш. ХАМИТОВ.

Медиация (от английского mediation – посредничество) это метод примирения, основанный на том, что независимая и нейтральная третья сторона – медиатор помогает конфликтующим сторонам в сжатые сроки совместными усилиями и с учетом взаимных интересов прийти к решению, желательному или, по меньшей мере, приемлемому для каждого из них.

О МЕДИАЦИИ

уголовных проступках, если иное не установлено законами Республики Казахстан, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства.

Процедура медиации не применяется по уголовным делам о коррупционных преступлениях и иным преступлениям против интересов государственной службы и государственного управления.

Это самостоятельный альтернативный правовой институт который призван профессионально, корректно, с минимальными затратами разрешать социальные конфликты с помощью профессиональных медиаторов владеющих передовыми технологиями ведения переговоров (секретами эффективных коммуникаций и мн. др.) и разгрузить суды

– это не главная цель медиации, а главное решение споров и конфликтов на досудебном порядке.

Стороны медиации в ходе медиации имеют права: добровольно выбрать медиатора (медиаторов); отказаться от медиатора; в любой момент медиации отказаться от участия в ней; участвовать в проведении медиации лично или через представителей, полномочия которых основаны на доверенности, оформленной в установленном законом порядке; при неисполнении или ненадлежащем исполнении соглашения об урегулировании спора (конфликта) обратиться в суд или орган, ведущий уголовный процесс, в производстве которого находится дело, в связи с которым осуществлялась медиация, в порядке, установ-



ленном законодательством Республики Казахстан.

Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны

медиации, предоставившей эту информацию.

А.Н. САДИЕВА,
Судья Кербулакского районного суда



происходят изменения состава крови, после чего начинает страдать весь организм. Отравление угарным газом может нанести серьезный, а в некоторых случаях непоправимый вред здоровью. Основная проблема состоит в том, что он не имеет ни цвета, ни запаха, не вызывает вообще никаких ощущений, поэтому часто его называют «молчаливым убийцей».

Угарный газ смешиваясь с воздухом практически не заметен, именно поэтому человек замечает ухудшение состояния только после того как отравление произошло, и уже не в состоянии что-либо предпринять.

Об опасностях печного отопления спасатели говорят каждый день, но большинство людей, пока лично не столкнутся с проблемой, превентивных мер не предпринимает.

В абсолютном большинстве случаев виновниками отравления угарным газом являются хозяева дома,

ОПАСНОСТИ УГАРНОГО ГАЗА

Зима приносит с собой не только красоту, но и морозы, от которых в частных домах может спасти только печка. Но порой отопительная печь, ввиду неисправности, может стать причиной пожара и отравления угарным газом, что еще опаснее.

которые нарушают правила пожарной безопасности, не очищают дымоходы от сажи и не содержат печное устройство в исправном состоянии, а жертвами беспечности родителей оказываются их дети. Если печь находится в исправном состоянии, то количество произведенного угарного газа во время сгорания топлива обычно не представляет опасности. Бывают случаи, когда люди считают, что топливо в печи полностью прогорело, закрывают заслонку дымохода для сохранения тепла. Тлеющие угли при недостатке воздуха образуют угарный газ, который проникает в помещение через негерметичные участки печной конструкции. При слабой тяге в дымоходе и без подачи воздуха также имеет место недожог топлива, и как следствие об-

разование и накопление угарного газа. Уход за дымоходом не слишком утомителен – достаточно время от времени проверять тягу, герметичность швов кирпичной кладки или стыки модулей, своевременно очищать внутренние поверхности от сажи. Особое внимание уделите осмотру соединения дымохода с печью. После длительного простоя устройства, прежде чем развести огонь, надо открыть заглушку тройника и посмотреть сквозь трубу, убедившись, что дымоход не забит сажой, листьями и в нем не появились птичьи гнезда



(такое иногда случается). И если есть изъясн – устраните его сегодня, завтра может быть поздно.

ЧЕСТВОВАЛИ ЛУЧШИХ ПЕДАГОГОВ НАЗАРБАЕВ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН



Как говорил неизвестный поэт, «Учитель - три слога. Не так уж и много, а сколько умений вмещает оно!». В Назарбаев Интеллектуальной школе города Талдыкорган состоялся школьный конкурс «Лучший учитель года - 2019».

8 учителей – новаторов в течение недели демонстрировали свое профессиональное мастерство, проводили открытые уроки, показывали пути решений из разных педагогических ситуаций.

- Наблюдая и оценивая профессиональные навыки и умения наших коллег-учителей, за эту неделю, мы получили колоссальное удовольствие. Здесь я увидела не только мастеров своего дела, здесь я увидела креативных, целеустремленных, открытых для все нового современных педагогов, бесподобно сочетающие в себе интеллект и эмоции, - поделилась своими впечатлениями член жюри, учитель русского языка и литературы Гульнар Таникенова.

Конкурсные этапы состояли из визитной карточки «Я-личность», персональной выставки, ораторского искусства, 15-минутных открытых уроков «Парад планет» и педагогической ситуации.

По решению коллегии жюри почетное звание «Лучший учитель года-2019» был присужден учителю географии Нагиме Рахмановой.

II место завоевал учитель английского языка Канат Нурпеис, III место заняла учитель казахского языка и литературы Гулменнур Иманбаева.

Выступая на торжественном собрании, директор школы Виктор Сосин, поздравив учителей с заслуженной наградой, вручил всем участникам школьного конкурса дипломы и ценные призы.

Спортзал в этот день превратился в настоящую академию единоборств. На упругих матах в присутствии многочисленных зрителей и знатоков этого спорта, в том числе и родителей, сходились в решительной схватке то усердные новички, то маститые спортсмены.

«Любые соревнования для наших воспитанников – это своего рода самостоятельная работа, экзамен. Важно двигаться вперед, быть терпеливым, целеустремленным. У ребенка должна быть некая цель, он должен понимать, для чего он занимается спортом. И родители должны ему это объяснить, а не



ДЖИУ-ДЖИТСУ КАК СТИЛЬ ЖИЗНИ

просто говорить: «Иди, тренируйся, тебе это надо», - рассказывает Айдос Дюсентаев, тренер сборной команды по джиу-джитсу Назарбаев Интеллектуальной школы.

Спортивный кружок по джиу-джитсу в Талдыкорганском НИШ ведется с 2013 года. За эти годы немало ребят становились чемпионами в международных и республиканских соревнованиях. Ярким примером являются

Юные чемпионы джиу-джитсу города Талдыкорган боролись за первенство. В стенах Назарбаев Интеллектуальной школы состоялась городские соревнования по бразильскому джиу-джитсу, в котором участвовало больше 70 спортсменов из общеобразовательных школ города.



ученики 12 класса Ернар Омирзаков и Владимир Кан, призеры международного турнира по грэпплингу «Астана Оупен».

Второй год тренеры берут на себя инициа-

тиву в организации городских соревнований, создавая стимул для роста и мотивируя любителей бразильского джиу-джитсу.

На этот раз сборная команда Талдыкорганского НИШ по джиу-джитсу принесла в копилку школы 2 – золотых, 1 – серебряную, 3 – бронзовых медалей. Ученики начальных классов Ансар Несіпқали и Алдияр Амантай завоевали I место, Александра Аввакумова II место, Мерей Жумабай, Аблайхан Тыныштықбай, Алмат Таукелев заняли III место.

– Нам тренер всегда говорит, чтобы мы узнавали соперника ни в схватке, а перед боем. Как он двигается, какие приемы он часто использует, что он может, а чего не может. Поэтому данный вид спорта не просто мое хобби, это большая психология, которая обязательно понадобится мне в достижении любых целей, – поделился своим мнением Мерей Жумабай, ученик 7 класса.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖЕДЕЛДЕТКЕН

Ел тарихына үңілсек, тәуелсіздік жолында соңғы демі қалғанша күрескен батырлар мен ұлтының маңдайына біткен ержүрек арда азаматтардың саны шексіз екенін аңғарамыз. Олар тарихтың әр кезеңінде болған. Бірі жерін қорғап жауға қарсы шықса, бірі ұлтты қанаған озбыр саяси жүйемен күрескен. Дәл сондай рухы биік, тік сөйлеуден қорықпайтын ұл-қыздарымыздың барын дәлелдеген күн 1986 жылдың 16 желтоқсаны еді. Тәуелсіздіктің орнауын жеделдеткен сол «Желтоқсан оқиғасына» биыл 33 жыл.



ЖЕЛТОҚСАН

Осыншама уақыт өтсе де «Желтоқсан» шындығы әлі күнге жабулы қазан күйінде қалып келеді. Оның не бейбіт шеру, не көтеріліс, не дүмпу екенін ешкім нақ басып анық айта алмайды. Деректерге жүгінсек, 2500-ге жуық адам тұтқындалыпты. Жазаланғандардың 873-і студент болса, 1171-і жұмысшылар, 39-ы жұмыссыз жастар мен 23 КОКП мүшелері және 1194-і комсомол мүшелері болған. Тағы жүздеген студент оқудан шығарылып, сотталып, жазаланып, ішкі істер органдарының ерекше бақылауына, арнайы есебіне алынған. Ал, қаза тапқандары қаншама... Бұл нақты дерек емес. Себебі, алаңға шыққан адамдардың нақты саны әлі күнге дейін беймәлім. Халықты қатты дүрліктірмеудің амалын іздеп, істі зерттемей жабуға асыққан болар, болған оқиғаның мән-жайы халыққа ашық айтылмады. Сондықтан да ресми ақпарат көздерінде бүгінге дейін сан түрлі деректер жариялануда. Қазірдің өзінде оқиғаға қатысты сандар әр жерде әртүрлі берілуде. Қудалауға түсеміз бе деп қорыққан қаншама адам қозғалысқа қатысқанын жасырып та қалған. Бұл туралы «Желтоқсан оқиғасына» қатысушылардың бірі, бүгінде «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысындағы төрағасы Жанайдар ЖАПСАРБАЕВ былайша ой ербітті:

– Бұл оқиғаның ашылмаған сырлары әлі көп. Түрмеге қамалып, сотталып, оқудан шығып жатқан желтоқсаншыларды көріп шошып қалған біразы сол күндері алаңға шыққандарын жасырып қалған. Тіпті алаңға киіп шыққан киімдерін түгелдей өртеп жіберген азаматтар да болды. Ешкімге айтпай, сол оқиғаны ұмытуға тырысқандар қаншама. Олар әлі де бар. Бірақ өздерін жариялауға тырыспайды, мемлекеттен де ешқандай қолдау-қорғау күтпейді. Бірақ оларды тауып, желтоқсаншылар екенін дәлдеп, тиісті құрмет көрсету

үлкен маңызға ие. Себебі олар түбі қалауларына қол жеткізді емес пе... Біз алаңда ұрып-соғу, күш көрсету сияқты бассыздық әрекеттер орын алады деп ойламаған едік. Біздің басты мақсатымыз сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнына Геннадий

бейбіт шеруге шықты. Үкіметке емес, билікке емес, қабылданған шешімге қарсылықтарын білдірген еді. Ал алаңға шыққандардың басым көпшілігі еліміздің түпкір-түпкірінен Алматыға білім іздеп, арман қуып келген жастар болды. 18-20 жасар жалындал тұрған жастармыз ғой... Көкейдегі сұрақтарға жауаптың ор-

айдалаға, қоқыс тастайтын жерлерге апарып тастап жатты. Дала болса қақаған аяз... Ал тіптен қатты қарсылық танытқандарды бөлімшелерге тергеуге алып кетті. Одан кейін оқиғаға қатысушылар анықталып, оларды саяси қудалау басталды... Ешкімге қарсы тұрамыз деп ойламаған біз үшін бұл үлкен соққы болды. Сол күйден ұзақ шыға алмай жүрдік. «Алаңда болған кезде суретке түсіп қалғандықтан, бізді өздері-ақ тауып алады» деген оймен жүрдік. Желтоқсан оқиғасына қатыстық деп те жария салмадық. Бірақ күрделі саяси өзгерістер орын алып, Тәуелсіздігіміз жарияланған кезде, біздің де бұл іске пайдамыз тиді, алаңға шығып құрбан болған, әділетсіздікпен қамалған қатарластарымыздың арманы орындалды-ау деп бәрінен ерекше күй кештік, – деген ағамыз өз сөзінде жағдайдың Тәуелсіздіктен кейін қалай өзгергеніне де тоқталды.

Дербес ел болғаннан кейін «Желтоқсан оқиғасына» қатысы бар дегендер ақталды. Және солардың барлығының басын қосқан «Желтоқсан ақиқаты» атты республикалық қоғамдық бірлестік те құрылды. Алматы облысындағы сол ұйымның жұмысына енді ғана кірісіп бастаған Жанайдар Жапсарбаев жақында ғана сол ұйымның төрағасы болып тағайындалған. Оның айтуынша, соңғы алты айдың ішінде ұйымға 35-40 желтоқсаншы келіп қосылған. Бірақ олардың саны бұдан да көп екені айтпаса да анық. Талдықорған өңірінен сол оқиғаға шамамен 270 - ке жуық азамат қатысқан. Олардың бәрін бірлестік қатарына кіргізіп, тиісті куәліктерін қолдарына табыстау аталмыш ұйымның басты мақсаты болып отыр. Бірақ осы орайда туындаған мәселе бар. Ол жалған желтоқсаншыларды анықтау. Негізі бұл ақылға қоным-

сыз дүние. Дегенмен, «Желтоқсан оқиғасына» қатысқаны үшін деп мемлекет тарапынан қолдау күтіп жағдайын жасап алмақ оймен өзін өтірік желтоқсаншымын деп танытып жүргендердің қатары көбейген. Бұл да сол уақытта дер кезінде шынайы фактілердің анықталмай, зерттелмей, жарияланбай қалғанының кесірі... Ал нағыз желтоқсаншылар ешқашан үкіметтен ештеңе сұраған емес. Олар сонысымен де биік. Керісінше олардың нағыз желтоқсаншылар екенін дәлелдеу тым қарбалас шаруаға айналған. Отыз жыл бұрынғы оқиғаға қатысынды дәлелдеу оңай емес. Ақталу процесі бар, дәлелдеу бар, соттың шешімі бар дегендей... Алдағы уақытта желтоқсаншылардың беделі туралы мәселе қозғалса, дәлелдеу шарасын біраз жеңілдетуге де болатын шығар. Ең бастысы қазіргі жастар жігері мен бойындағы батылдығын жоғалтпаған аға-апаларымызды бағалап, үлгі алып өссе... Себебі бүгінгі жастарға патриоттық тәрбиені желтоқсаншылардай ешкім бере алмас. Мақсаттарын айқындап, оған

жетер жолдағы барлық қиындық пен әділетсіздіктерге шыдай білуді де солардан үйрену керек шығар...

«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облысындағы төрағасы, Маратбек РАМАЗАНОВ өзі сияқты желтоқсаншылардың жастарға берер тәрбиесі жайында былайша ой толғады:

– Өткенді қайтара алмайсың, бірақ барымызды бағалау үшін әлі де кеш емес. Желтоқсаншылардың бүгінгі жастарға берері көп. Бәрінің де сол бір қаһарлы күннен хабар берер естеліктері бар. Оның бәрін халық білуі керек. Сол күні алаңға шыққан әр адамның оқиғада кейіні ер жолы жастардың санасы мен патриоттық рухына үлкен әсер бере алады. «Алаңға қазақ қыздарын шашынан сүйреп, ұрып жатыр деген соң бардым» деген Қайрат Рысқұлбековтың бір сөзінің өзі бүгінгі ер азаматтар үшін таптырмас тәрбие емес пе?! Осы ұлы тәрбиені дәріптеу мақсатында оқушы, студент жастармен кездесулер ұйымдастыру «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің жоспарында бар. Тұтас бір оқу орнының үмітін арқалап шығып құрбан болған азаматтарын халық танып жатса, оларға лайықты құрмет көрсетіліп жатса біз мақсатымызға жеттік деген сөз! – деп ағынан жарылған аға «Желтоқсан оқиғасы» құрбандарын еске алатын күн Тәуелсіздік мерекесі қарсаңындағы қарбаластың көлеңкесінде қалып қоятыны көңілге қаяу түсіреді дейді.

Шынымен де, желтоқсан – қасіретті ай, ұмытылмас қанды күн. Бұл күн ел есінде өшпей сақталып қалуы тиіс. Меніңше, Желтоқсанды тасада тығып ұстамай, бүкіл әлем болып ақиқатын ашар кез туды. Шындықтың бетіне тура қарайтын кез келді. Ендеше, Тәуелсіздіктің бастауы болған күнді ел болып аза тұтып еске алайықшы...

Айсұлу ӘБІШЕВА



Колбінді отырғызу шешімін өзгерту еді. Халықтың тыныс-тіршілігін білмейтін адам қалайша ел басқармақ?! Әрине қабылданған бұл шешім көзі ашық, көкірегі ояу жастарды, елінің болашағы үшін аз да болса алаңдайтын әр адамды уайымдатты. Осылайша, 1986 жылдың 16 желтоқсанында Алматы қаласының орталық алаңына мыңдаған адам

нына саперлік күрек пен дубинканың соққысын алдық. Осылайша талап-шыл жас өрендердің шеруі қарулы қақтығысқа ұласты. Қорғаныс ұл-қыздарға күш көрсету арқылы «алаңды тазарту» жұмыстары жүргізілді. Түрлі жарақаттары бар, қол-аяғы сынған тіпті бастары жарылған қаншама жасты көліктерге тиел қала сыртындағы

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕКПЕНІҢ КІҮШІ БАР

Балаларға салдыратын екпе мәселесі қоғамда түрлі пікір алуандығын тудырған тақырып. Түрлі мессенджерлерден келген екпеден сақтану ескертпелерін әр қазақстандық оқыған десек, артық айтқандық емес. Бұрындары мұны діни себеппен бас тартқан жандар құрайтын. Қазір екпенің бала денсаулығына келтіретін кері әсері туралы жиі айтыла бастады.



ұстанғандардың баласына екпе салдырмауын ұстанымдарына қайшы екен деген желеумен бүркемелеп келдік.

Соңғы жылдары екпеден кейінгі салдану жағдайларынан соң жағдай бірден ушықты. Қазір екпеден мүгедек болып қалған балалардың нақты санын ешкім де дөп басып айта алмайды, Өйткені ауырған баланың жағдайы мүлдем басқа себептермен түсіндірілген. Елімізде екпеден кейінгі жағдайдың өздерінің кінәсі екендігін мойындаған бір-екі ғана аурухана бар. Қалғандары мұны түрлі себеппен түсіндіріп науқастың ауру түрін өзгертіп жіберген. 31 арна тілшісіне пікір білдірген ҚР ДСМ эпидемиялық қадағалау басқармасының бас сарапшысы Нұршай Өзімбаева «Елде 10 жылдан бері вакцина салдарынан мүгедектікке ұшыраған адамдар тіркелген жоқ» - деп қысқа қайырған.

Қазір елімізде халықты вакцинациялауға жыл сайын қазынадан 26 миллиард теңге жұмсалады. Бұл қаражатқа 21 жұқпалы ауру, оның ішінде туберкулезге, қызылшаға, қызамыққа, В гепатитіне қарсы профилактикалық егу жұмысы жүргізіледі. Бұл жерде жас ерекшелігі басты назарға алынған. Мемлекет балаларды кепілдендірілген сапалы вакциналармен қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған вакциналар сатып алады. Яғни, қазіргі балаларға егілетін дәрілердің өзін ДДСҰ-ның өзі рұқсат берген. Соған қарамастан елде келеңсіз оқиғалардың неге жүз беріп жатқанын медицина

мамандары дөп басып айта алмайды. Тек болжам мен жорамал. Вакцина өнімдерінің түгелге жуығы дамыған елдерден алынады. Атап айтқанда, (Бельгия, Франция, Нидерланд), Жапония, АҚШ, Ресей, Қытай, Үндістан, Корея, Израиль сияқты ірі өндірушілер. Жалпы 57 түрлі вакцина. Елімізде тек 1 ғана вакцина түрі отандық өнім ретінде қолданысқа берілген. Жоғарыдағы миллиардтаған қаржыны сөз еткенде Бекболат Қанайұлының сол отырыста «Бұл жерде бәзбіреулердің бизнесі жатыр» - деген сөзі еріксіз ойға оралады. Белгілі журналист Нұрбек Бекбау бес-алты жылдан бері осы вакцина бойынша ізденісте жүр. Ол мұның әлемдік бизнесінің бір бөлігі екенін жоққа шығармайды. «Жоспарлы екпелерді бізге тегін жасайды ғой дерсіз. Жоқ, біздің еліміз бұл вакциналарды халықаралық сауда мекемелерінен миллиардтарға сатып алады. Солар біздің елді қысып отырған жоқ па?» - деген күдігін білдіреді.

Осы жолы парламентте талқыланған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс пен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы келесі талқылауға қалды. Бекболат Тілеухан бастаған халық қалаулылары екпе салдарынан мүгедек болып қалған жүздеген мысалмен келіп өз сезіміздің ақиқатын дәлелдейміз десті. Бірақ оған заң жобасын әкелген министрлік өкілдерінің қалай

жауап берері әзірге белгісіз.

Қыс мезгілі жұқпалы аурулар өршіп кететін маусым. Мұнда әсіресе балалар арасындағы қызылша, тұмау сияқты вирустық тарқалмалы аурулар қатты белең алады. Былтыр республикада 14 мың адам қызылшамен ауырған. Оның 7649-ы бала болса, 3691 іне мүлдем екпе салынбаған. Бұл - емханаға келіп есепке алынғандары ғана, үй жағдайында ем қабылдап жазылғандары туралы ақпарат белгісіз. Биыл елімізде алып-қашпа пікірлер мен діни себепті алға тартқан 14531 адам вакцинадан бас тартқан. Алматы облысында өткен жылы 385, биыл 363 адам вакцинаны құп көрмеген. Мұның көбі балалар. Ал екпе туралы нақты ақпаратты халыққа жария ете алмай отырса да министрлік тырысқақ, құтырма, сібір жарасы сынды аса қауіпті вирус түрлерін егуді заң жүзінде міндеттемек. Оған қарсы болсаңыз шетелге шығуыңызға рұқсат бермейтін, балаңызды балабақшаға, мектепке қабылдамайтын жағдай тууы әбден мүмкін.

Медицина ғылымдарының докторы Қайша Сейітжанованың ұлттық арнаға ертеректе берген сұхбаты ютуб желісі арқылы көптеген көрілім жинаған. Маман сөзі жұрт күдігін тіпті күшейткендей. Бұл сұхбатта ол вакцинаның тұқым қуалайтын бедеулікке соқтыратынын, сөзінің дәлелі ретінде тірі эксперименттерге жасалған тәжірибелерді мысалға алады.

Вакцина туралы талас-тартыс тек Қазақстанда ғана емес. Дамыған батыс әлемінде де басы ашылмаған даулы мәселе күйінде қалып отыр. Кейбір елдер егуді заң жүзінде нақтылаған. Бас тартқандар өкімшілік құқық бұзушылық бабымен айыппұл төлейді. Соған қарамастан азаматтық қоғамның қарсылығы әлі де тоқтар емес. Buzzfeednews сайтында Инстаграм желісінің антивакцина филтрін іске қосқанын жариялайтын мақала жарық көрген. Аталмыш материалда мұндай екпеге қарсы сүзгілерді әлемдік сайттар мен әлеуметтік желілерде қолданылғаны айтылады. Мұны желі басқарушылары екпе туралы дезинформацияның таралуының алдын алудың жаңа тәсілі деп көрсеткен. Ал, осы мақалаға пікір қалдырған жүздеген оқырман вакцинаны кәсіп көзіне айналдырған халықаралық монополистер бар деген жазбалар қалдырған. Осыдан-ақ мәжіліс депутатының тепсініп отырып бизнес сөзін бекер айтпағанын аңғарасыз.

Екпеден бас тартқан ата-аналардың бірі Талдықорған қаласының тұрғыны Гүлғайша Оразәлі: «Айналадағы ақпараттар маған екпенің пайдасынан зиянының көп екенін көрсетті. Баламды тәуекелге барып ектіруден қорықтым, сондықтан бас тартқанымды білдірген қағазды жаздым» - дейді.

Егер ата-ана тарапынан жоғарыдағыдай қарсылық болған жағдайда бала үшін түсініктеме талап етіледі. Мұндайда қолхат жазуға құлықсыз жандар да көп. Бірақ оған заңдық тұрғыдан жаза тағайындау қарастырылмаған. Осы мәселеге байланысты арнайы заң қабылдау керек деген сенаторлар мен мәжілісмендердің ұсынысы да аяқсыз қалды. Ал, министрлік жұртшылыққа түсіндіру жұмысымен ғана шектелуде. Былтырдан бастап «Қызу желі» халыққа қызмет көрсете бастады. Екпеден кейінгі шағымдарды осы желі арқылы жеткізуге жағдай жасалған.

Қалай айтсақ та екпені салдыру, салдырмау әр кімнің өз еркі. Үлкендер бұл мәселені өз қалауымен шешеді. Оның үстіне ересек адамдарға әлі де болса міндетті екпе түрі жоқ. Маңыздысы бала тағдыры. Ұрпақтың баянды болашағы. Сәбиі үшін жауап беретін ата-ана таңдау жасар алдында аса ыждағаттық танытса, ертеңгі күні баласының алдында өзін де кінәлі сезінбейтіні анық.

А. НАЗЫМҰЛЫ.

ЖЫР - МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ТАРЛАНЫМ

БІЛІМ ОШАҒЫНДА

Дара қолтаңбасымен, өзіндік болмыс-бітімімен қазақ поэзиясына жаңа леп әкелген ақын Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде кітапханашы Жеңісгүл Жақыбаеваның ұйымдастыруымен "Жыр – менің жалғыз тарланым, жанымды жырмен жалғадым" атты шығармашылық кеш өтті.

Іс-шараның басты мақсаты қазақ поэзиясының классигі, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттау мен ақынның жарқын бейнесін дәріптеу. Кеште ақынның өмірінен сыр шертетін көріністер қойылып, шығармашылығы жайлы «Жыр – менің тарланым» атты таныстырылым өтті. Оған поэзияға жаны құмар жас таланттар атсалысып, ақын шығармашылығына шолу жасап, өлеңдерін жатқа оқыды.

Ақиық ақынның кез келген тақырыпта жазған өлеңдері заманында биік бағаға ие болып, өз оқырмандарын таба білген. Ал бүгінгі жас ұрпақ оның шығармашылығы арқылы туған жерінің табиғатын сүюді, бүкіл әлемнің кереметін сезінуді үйренеді. Әсіресе оның «О,туған жер», «Перзент сөзі», «Қыз махаббаты», «Анама өлең», «Жұрт мені қатал дейді» атты жырлары студенттердің сүйіп оқитын өлеңдеріне айналған.

Кеш барысында филология ғылымдарының профессоры Алтын Бакраденова ақын Фариза Оңғарсыновамен кездесулері жайындағы естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, ғылым магистрі, докторант, музыка пәнінің оқытушысы Серікбол Шыныбаев ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Фаризаға ...» және «Сағыныш» әнін шырқап, кеш көрігін одан әрі қыздыра түсті.



Айгүл СҮЛЕЙМЕНОВА,

«Zhansugurov College» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

Дүйсенбі - Понедельник, 16 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 Өнұран
06.05, 03.20 «Көңіл толқыны»
06.25, 02.15 «Мәселе» әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама
07.00 «Таңшолпан»
09.30, 02.50 Д/ф «Тұлға»
10.00 «Салған әнім шіркін-ай» Ардақ Балажанованың концерті
11.00, 01.45 «Үш алып келеді күш алып» Арнайы теле-жоба
11.30 «Береке бірлігінде, елімі!» Айтыс
13.00 «Ұлы дала баласы» Төреғали Төреәлінің концерті
14.50 Т/х «Орбұлақ шайқасы»
18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
19.00 «Томирис» тарихи драма
22.00 «Әзіл әлемі»
00.15 «Елім менің» концерт

22.50 Сериал «Реализация» продолжение
00.45 Ночной кинотеатр. «Нюхач» новые серии

КТК

07.00 ӨНҰРАН
07.05 «Рухы биік қазағым»
08.20 Д/ф «Дороги независимости»
09.00 Х/ф «От судьбы не откайся»
12.10 Х/ф «Радуга в небе»
16.20 Отандық кино «Шабдалы»
18.30 «50 жыл елмен бірге» Дос-Мұқасан ансамблінің ән кеші
21.00 Х/ф «Через беды и печали»
00.50 «Биші қыз» кино
01.50 «Той Beststar»
03.00-05.00 «Жұмыр жердің жұмағы» ән-шашу

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Тәуелсіз Қазақстаным» мерекелік шығарылымы /тікелей эфир/
10.30 «Тәуелсіздік тірегім» балалар концерті
11.15 «Спорт-тайм»
11.40 Д/ф «Қазақстанға қош келдіңіз»
12.15 «Әмір әні»
13.00 «Тәуелсіз Қазақстаным» мерекелік шығарылымы /тікелей эфир/
15.00 К/ф «Жажүрек мың бала»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «Шашу» /тікелей эфир/
19.00 «Болмыс» ток-шоуы
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Туржорық»
21.30 Новости
22.05 «Арнайы репортаж»
22.25 «МузАРТ» тобының мерекелік ән кеші
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Өнұран

31 КАНАЛ

05.58 ӨНҰРАН
06.00, 04.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро (қайталау)
08.00 Бауыржан шоу
09.00 Әзілдер жинағы
10.00 Концерт «Юлдуз Османова»
11.30 М/ф «В поисках Дори»
13.40 М/ф «История игрушки»
15.40 М/ф «История игрушки-2»
17.40 М/ф «История игрушки: Большой побег»
19.50 М/ф «Тачки»
22.30 Сериал «Аналық сезім»
01.40 Сериал «Мехектің өмірі»
02.40 Сериал «Адаққан ғұмыр»
03.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50 «Қуырдақ»
07.30 «Гу-гулет»
08.00 «Айнаонлайн»
09.00, 22.05 Скетчком «Q-елі»
10.00, 02.15 «KZландия»
11.00, 03.00 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
15.00 Т/х «Брат или брак»
17.00 Т/х «Брат или брак-2»
19.15 Т/х « Семьянин»
21.00 Лотерея 777
21.05 Т/х «Бастық боламын»
22.30 Х/ф «Рэкетир»
00.15 Х/ф «Районы»

ХАБАР

06.00, 02.00 Өнұран
06.00 «Тамаша»
07.10 Концерт «Алашұлы»
09.00 Телемарафон.
Мерекелік жоба
13.00 Д/ф «Өнегелі ғұмыр. Бибігүль Төлегенова»
13.30 Б.Төлегенованың 90 жылдығына арналған шығармашылық кеші
14.40 Кино «Казахское ханство. Алмазный меч»
17.00 «Voice of Nur-Sultan»
19.00 Д/ф «Жол»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 «От всего сердца Б.Төлегенова»
21.00 Итоги дня
21.40 Мерекелік концерт
22.40 Кино «Казахское ханство. Золотой трон»
00.30 Концерт «Мәңгілік ел. Тәуелсіздікке тарту»
01.00 «Төрлетіңіз»
«Тәуелсіздік құрдастары»

АСТАНА

06.00, 04.50 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 Х/ф «Қазақ хандығы. Алмас қылыш»
13.30, 21.00 Т/х «Қара ниет»
14.40 Х/ф «Красная шапочка»
17.00 «Жыр аманат» концерт
20.00 «Лидер планетарного масштаба»
20.20 «Үздік әзілдер»
22.00 «Алдараспан»
00.40 Х/ф «Елбасы жолы. Астана»
02.50 «КазНет» ғаламторға шолу
03.50 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.40 Концерт «Халқым сүйген өндер ай»
08.20 «Басты бағдарлама»
09.00 Х/ф «Три дня до весны»
11.10 Д/ф «Астана – это я»
12.00 «Қалаулым»
15.45 Х/ф «Топор»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 Премьера. «Виле» концерт Али Окапова
20.00 Главные новости
20.45 Сериал «Реализация»
22.00 , 01.55 «Паутина»

Сейсенбі - Вторник, 17 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Өндер мен жылдар»
08.15 М/ф «Алдар Кесе»
09.20 «Томирис»
12.30 «Әзіл әлемі»
14.50 Т/х «Орбұлақ шайқасы»
18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
19.00 «Атаи». Димаш Құдайбергеннің концерті
21.30 Т/х «Жат мекен»
22.30 Т/х «Гайһар»
23.25 Драма «Құнанбай»
20.35, 01.00 «Ашық алаң»
01.25 «Ниет»
02.55 «Көңіл толқыны»

ХАБАР

06.00 М/с «Клео – забавный щенок»
07.30 «Таңғы хабар»
10.00 Кино. «Наш милый доктор»
11.30 «ХабарLine»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 «Тұран» концерт
14.30 Кино. «Казахское ханство. Золотой трон»
17.00 Международный фестиваль «Voice of Nur-Sultan»
19.00 Д/ф «Шекара»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Т/х «Дулати»
20.50 Премьера! Новый курс
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
22.30 Т/х «Қаламгер»
23.15 Т/с «Листопад»
00.50 «Қызық times»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 01.20 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50 Х/ф «Красная шапочка»
12.00 «BAS times» шоуы
13.40, 21.00 Т/х «Қара ниет»
14.50 «Тәтті арау» концерт
17.10 Т/х «Гүнештің қыздары»
18.20 «Юмористический концерт Турсынбека Қабатова»
23.00 Т/х «Жаза»
00.10 Сериал «Не ври мне»
02.30 «Astana times»
04.30 «KazNet»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.40 Т/х «Зәуре»
07.00, 03.15 «Тамаша City»
07.55, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.45, 04.00 «Ұшқалақ»
09.00 «Лучше всех!»
10.50 «Добрый вечер, Казахстан!»
12.00 «QALAYYUM LIVE»
15.45 Х/ф «Дальнобойщик»
18.45 «Виле» концерт Али Окапова
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Реализация»

22.00, 01.55 «П@УТИНА»
00.45 Ночной кинотеатр. «Нюхач»

КТК

07.05 «Рухы биік қазағым»
08.20 «Брат или брак»
10.00 Х/ф «Через беды и печали»
14.00 Х/ф «Качели»
18.00 «Ән салсын Жаcтар»
21.00 «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
01.00 «Hello Ауыл»
02.20 «Той Beststar»
03.30-05.00 «Рухы биік қазағым»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерт
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 «Арнайы репортаж»
11.00 «Болмыс» ток-шоуы
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Шашу»
14.00 Тәуелсіздік күніне арналған концерт
14.45 К/ф «Аманат»
17.00 «Көп ұлтты Қазақстан»
17.20 Д/ф «Болашаққа қадам»
17.35 Д/ф «Дух Независимости»
18.00 «Әсем әуен»
18.55 К/ф «Тақиялы періште»
20.50 К/ф «Құдайы қонақ»
22.00 «Күзгі әуен»
Р.Стамғазиев пен Ұ.Қабаеваның ән кеші
23.50 «Нет лайк»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Ризамын»
07.00 Бауржан-шоу
08.00 «Әзілдер жинағы»
10.50 М/ф «История игрушки-2»
13.10 М/ф «История игрушки: Большой побег»
15.40 М/ф «Тачки»
18.10 М/ф «Тачки-2»
20.30 М/ф «Тачки-3»
22.30 Сериал «Аналық сезім»
01.40 Сериал «Мехектің өмірі»
02.40 Сериал «Адаққан ғұмыр»
03.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50 «Қуыодақ»
07.30 «Гу-гулет»
08.00 «Айнаонлайн»
09.00, 22.05 Скетчком «Q-Елі»
09.20 Х/ф «Семьянин»
11.00, 03.00 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
14.15 Х/ф «Келинка тоже человек»
16.25 «Келинка Сабина. Правдивая история»
18.50 Х/ф «Келинка Сабина-2»
21.00 Лотерея 777
21.05 Т/х «Бастық боламын»
22.30 Х/ф «Рэкетир-2»
00.50 Х/ф «Заблудившийся»
02.50 «KZландия»

Сәрсенбі - Среда, 18 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Өнұран
06.05, 17.15 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 AQPAPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00, 00.45 «Ниет» ток-шоуы
14.10, 22.30 Т/х «Гайһар»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 «Келбет»
16.30 «Нұр-Тілеу» Сұхбат
20.35, 02.40, 02.15 «Ашық алаң»
23.25 «Әзіл әлемі»
03.10 «Келбет»
03.40 «Ақсауыт»

ХАБАР

06.00 М/с
07.30 «Таңғы хабар»
10.00, 22.30 «Қаламгер»
10.45, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
11.30 «Хабарлайн»
12.00 Жаңалықтар
12.30, 00.45 «Менің тағдырым»
13.00 Т/с «Между нами, девочками»
14.40 Т/с «Разия»
15.00 «Қарақатпен шай»
16.30 Т/с «Ду-думан»
17.00, 23.15 Т/с «Листопад»
18.30 Т/х «Шашу»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Т/х «Дулати»
20.45, 01.45 «Біздің назарда»
20.50 Премьера! Новый курс
21.00 Итоги дня
01.20 «Ауырмайтын жол ізде»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 19.40, 00.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 00.10 Х/ф «Не ври мне»
11.00 сериал «Брак по вещанию»
13.25, 21.00 Т/х «Қара ниет»
16.50 Т/х «Гүнештің қыздары»
20.00, 02.30 «Astana times»
23.00 Т/х «Жаза»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.15 Т/х «Зәуре»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00 Басты жаңалықтар
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «ҚалаулымLive»
15.45 «На самом деле»
16.50 Х/ф «Гончие-5»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 Главные новости
20.45, 22.50 Т/с «Реализация»
22.00, 01.50, 03.45 «Паутина»
00.45 Н/к «Нюхач»
03.15 «Тамаша сити»
04.00 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 КТК қоржынынан
07.30, 01.40 Т/х «Мұңайма, Нефисе»

08.40, 17.00 Т/х «По понятиям»
10.20, 21.40 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
14.50 Х/ф «Отмена всех ограничений»
17.00 Т/х «Жат туыстар»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
02.30 «Той Beststar»
04.15-05.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Кең ауқымда
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Экорейд»
10.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
11.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
12.00 «Әсем әуен»
12.45 «Ем болсын»
13.00 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу зертханасы»
14.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
15.00 «Әсем әуен»
16.00 «Жүрек сөзі»
16.30 «Ауылдағы ағайын»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 «Ем болсын»
18.00 «Шашу»
19.00 «Ұлт пен рух»
19.30 «Кең ауқымда»
20.00 «Қателік»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 61-бөлім,
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00, 03.00 «Ризамын»
06.30 М/ф
08.10 М/ф «Тачки - 2»
10.20 М/ф «Тачки - 3»
12.30 Сериал «Фазилет ханым»
13.30 «Тылсым әлем»
14.45 «Экстрасенсы детективы»
16.00 Сериал «Интерны»
18.00 Сериал «Ивановы-Ивановы»
20.00 Информбюро
21.15 Сериал «Иффет»
22.45 «Жанкешті ханымдар»
01.10 Сериал «Мехектің өмірі»
01.50 Сериал «Адаққан ғұмыр»
02.30 Х/ф «Омерзительная восьмерка»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с «Монкарт»
09.20 Сериал «Три дороги»
10.40 Х/ф «Брат или брак»
12.40, 19.20 Т/с «Брат или брак -2»
15.00, 22.05 Т/х «Бастық боламын»
16.00, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
18.15 Т/с «Балабол-2»
20.20 Т/с «ИП Пирогова»
21.00 Лотерея 777
23.50 Т/х «Хирургия»
02.00 «Смеяться разрешается»
04.45 «Жеңіп көр»

ТҮЛҒА

МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

ОЛ – МАТЕМАТИКА АТТЫ ІШКІ ҚЫРТЫСЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЖАН АША БЕРМЕЙТІН ҚИЫН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫН ТАҢДАДЫ. ӨМІРДЕ ТАЛАЙ КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРДЫ. АЛҒАН БАҒЫТЫНА АДАЛДЫҒЫН ТАНЫТЫП, КӨПТЕГЕН ЖЕТИСТІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. ОНЫ ЖАҚСЫ ТАНИТЫНДАР ҚАТАРЫ ҰСТАЗДЫҚ ЖАҒЫНАН ӘЛ-ФАРАБИ БАБАМЫЗҒА, АЛ ПЕДАГОГ РЕТІНДЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИНГЕ ҰҚСАТЫПТЫ. ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ ҒАЛЫМ АҒАНЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫ БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ӨШПЕС ӨНЕГЕ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. БҰЛ КІМ ДЕСЕҢІЗ, ОҚЫМЫСТЫЛАР ОТБАСЫНАН ШЫҚҚАН, ТАҒЫЛЫМДЫ ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІН КӨРІП ӨСКЕН, ЕСІМІ ЕЛГЕ БЕЛГІЛІ, МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ПАТРИАРХЫ БОЛҒАН ҚҰЛЖАБАЙ ҚАСЫМОВ.

Көксу ауданына қарасты Талапты деген ауылда өсіп-жетілген ғалым ағаның балалық шағы еліміздің басына қара бұлт торпаған азабы мол ауыр кезеңде, тұрмыстың таршылық, қиын-қыстау күндерінде, бұрын азамат тарихында болмаған қаһарлы соғыстың зобалаң алапаты тұсында өтіпті. Осындай дүрбелең кезеңді басынан өткізсе де бала Құлжабай аға мектепті үздік бітіріп, студенттік өмірдің ортасына бүкпесіз, ірікпей түскен.

Оның ғылым мен ғылыми зерттеулерге құштарлығы университет қабырғасында оқып жүргенде байқалыпты. Сол тұстағы жоғарғы алгебра кафедрасының меңгерушісі Х. Ибрашев оған квадраттық формалар және олардың коэффициенттерінің матрицалары қасиеттерін зерттеуді ұсынған екен. Бұл туралы ҚР ҰҒА академигі Құлжабай Әбдіқалықұлы жайындағы «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітапта айтылады. Өлем математикасына өзіндік үлесін қосқан Құлжабай Қасымов туралы аталмыш кітапта сан түрлі ойлар мен жақсы пікірлер айтылыпты.

Үзеңгілестер үні

«Ол кезде Қазақстанда беделді бес-алты математик бар еді. Біреуі Құлжабай аға болатын. Құлжабайның мінез-құлқы нағыз ғалымдарға тән еді. Ол үлкенді де, кішіні де қарапайымдылығымен баурап алатын. Сол кездегі қазақтардан шыққан дәрежесі биіктеу адамдардың көпшілігінде «шірену әдеті» көптеп кездесетін-ді. Бірақ, Құлжабайда ондай мінез мүлде болмады. Қайран Құлжабай ағам! Қарапайым, ақкөңіл жан еді-ау!», – деп толғаныпты академик М. Өтелбаев. Ал Т. Көлменов ағамыз ғалым аға туралы былайша ой қаузаған екен.

«Құлжабайда әр адам туралы өз пікірі бар еді, ол әруақытта дұрыс болатын. Оның бір ерекшелігі – кішіпейілділігі. Ол үлкен институт ректоры болғанда да мінезі өзгермеді, қайта бұрынғыдан да қарапайым, одан да кішіпейіл болып кеткен сияқты болды. Айта кету керек, көп адам бұндай үлкен қызметте кез келгенімен қол беріп амандаспайтын. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына байланысты орыннан алынғанда да еш қаймыққан жоқ.»

Ғасыр адамы атанған Құлжабай аға туралы ҚР ҰҒА академиктері Б. Жұмағұлов, С. Қирабаев та тамаша естеліктер арнапты. Мәселен, Бақытжан (Ж) ағамыз С. Киров атындағы ҚазМУ, бүгінгі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қолданбалы математика факультетіне қалай қабылданғаны туралы баян етеді. Осы факультеттің деканы болған Қ. Қасымовтың оны қалай қабылдап, емтихан алғаны жайлы егжей-тегжейлі баяндайды. Айтуынша, оның кейін механика және қолданбалы математика ғылымына шын берілгендігі, осы факультеттің студенті атануына басты себепші болған да Құлжабай ағаның еңбегі.

Академик Серік Қирабаев 1980 жылы Абай атындағы педагогикалық институтында ректор болған шағын баяндапты. Өз жазбасында ағамыз: – Құлжабаймен бірге

істеген жылдар менің өмірімдегі жарқын күндерімнің бір үзгісі болып қалды. Оның кеңдігі, мінезділігі, мәселені дабырлапай әділ шешетіні, екеуміздің бір-бірімізге сеніміміз институттағы атмосфераға да әсер еткені даусыз. Айғай-шуусыз, өзінің ғылыми-педагогикалық жұмысын атқаруда Құлжабай жасаған жағдай жұрт көңілінен шықты, – деген екен.

Ғалым ағаның математикалығы туралы сыр шерткенде профессор Т. Көлменов былайша ой тербепті: «Балаларының, іні-бауырларының бәрін математикаға бағдарлайтын, шындық та тірлік те осында деп. Біз болсақ, математика ауыр нәрсе, аулақ жүріңдер деп бауырларымызды жолатпайтынбыз. Бұл да бір өнеге – математиканың ауырлығынан өткен адам ешуақытта жаманшылыққа табан баспайды екен. Құлжабай өз ғылыми мектебін құрып, академик дәрежесіне көтерілді. Ол математика саласында ерекше еңбектерімен де, қарапайым, ақкөңіл адамгершілігімен де әрдайым есімізде».

Бір сөзінде академик Құлжабай аға ғалымның ғылымнан кетпейтінін айтыпты. Ал оның қалай ректор болғанының өзі бір қызық жайтқа толы. Бұл туралы көзі тірісінде ағамыз өзі берген сұхабатта былай дейді:

«Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының бұрынғы ректоры қайтыс болды да, оған басшылық етуге жеті үміткердің ішінде мен де ұсынылдым. Ол кезде бәрін партия билеп, партия шешетін еді ғой. Сол айтқандай бір күні мені облыстық партия комитетіне шақырды. Барғаннан бірінші хатшы: «ҚазПИ-ге ректор болу оңай емес, ауыр жұмыс, арыз-шағым көп түседі» дей берді. Сонан соң мен шынымды айттым: «Кешіріңіз, ректор болуға ықыласым жоқ, тек өзім сыйлайтын азаматтар ұсынған соң келіп едім...» дедім. Осыдан кейін хатшының әңгімесі кілт өзгерді. «Сіз математик екенсіз, нағыз керек мамансыз. ҚазПИ-ді сіз басқармағанда кім басқарады? Қалған үміткерлердің біреуі тарихшы, біреуі тағы бірдеме... олардан гөрі нақты ғылымның адамысыз, сіз лайықтысыз» дегенге көшті. Өзім таңғалдым. Әңгіменің тоқтатынды: «Біз сіздің кандидатураныңды басқарарымен бірге үлкен кісіге ұсынамыз. Егер ол сізге тоқталса, бас тартпаңыз, ұят болады» дегенді айтты. Үлкен кісіге солай «жеті үміткер бар, оның ішінде біреуі өзіне-өзі қарсы» деп жеткізіпті. Өмірде қызық жайттар бола береді ғой. Үлкен кісі: «Сол қарсы болған азаматты қойыңдар» деп менің кандидатурамды қош көріпті. Сөйтіп, ойламаған жерден ректор болып шыға келдім.»

Осы орайдағы тағы бір әңгімесінде Құлжабай Әбдіқалықұлы аты дардай ректор дегеннің көп нәрсеге билігі келе бермейтін қоғамның, үкіметтің жай орындаушы «қуыршағы» екенін түсінгенін де айтыпты. Сонымен қатар ол: «Мен үшін ғылыммен айналысып, оның рақаты мен ләззатына бөленуден артық қызмет пен кәсіп жоқ» деген екен.

Дей тұрғанмен Құлжабай аға еліміздегі тұңғыш оқу орны Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің қалыптасуы мен қанат жая өркендеуіне ерен еңбек сіңірді.

Оның тұсында институтта 6 факультет, 47 кафедра, 6 жатақхана жұмыс істепті. Ол ректорлық еткен 1981 жылы социалистік міндеттемелерді орындау нәтижесінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ұжымы Бүкілодақтық социалистік жарыс қорытындысында жеңім-паз деп танылып, КОКП Орталық Комитеті, КСРО Министрлер Советі, КОБОК пен БЛЖКО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталыпты. Бұл турасында «Өнегелі өмір» атты кітапта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры С.Пірәлиев егжей-тегжейлі баяндапты. «Жас мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына көңіл бөлініп, тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Қазіргі Пушкин мен Төле би көшесінің қиылысынан, Айнабұлақ ықшам ауданына жас жанұяларға арналған тұрғын үй салу, оны бөлу мәселесінің әділ шешілуін ректордың өзі тікелей қадағалады. Сол үйлерге қол жеткізген жас оқытушылардың барлығы педагогикалық жұмыстарда абыройлы еңбектерімен көрінуден таймай келеді. Жақсыдан шарапат деген осы емес пе?!»

Қазақтың қамын жеген «Қасымов»

Ғылымның дамуына еңбегі сіңген тұлға күллі қазақ жастарын ғылымға жетелеген аяулы ұстаз бола білді. Бұл турасында Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Қолданбалы математика институты РМҚК директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Е. Смаилов былай деп ой қаузапты.

- Шыққан тегіне, туған жеріне қарамай, шәкірттерінің бәріне де жүрек жылуын бірдей бөлген ұлы ұстаз еді. Бүкіл қазақ математиктерінің үлкенді-кішісі түгелдей Құлжабай деп атаған аяулы ағамыздың шарапаты тиіп, тағдыр шешті көмегін көрген інілерінің бірімін.

Бес жыл оқығанымызда Құлжабай ағамыздың ғалымдық, ұстаздық, азаматтық келбетін танып, факультетіміздегі ең беделді, қадірлі жандардың бірі екеніне көзіміз жетті. Студенттер қауымы емтихан мен сынақ кездерінде қатал, талапшыл екеніне қарамастан ерекше сыйлап, осындай ұстазымыз бар екенін мақтаныш ететінбіз.

Бес жылғы студенттік қызықты күндер зымырап өтіп, университетті бітіретін мезгіл де жақындады. Жаңылмасам, наурыз айының соңғы күндерінің бірінде факультет түлектерін жұмысқа, болмаса аспирантураға оқуға бөлетін мемлекеттік комиссияның мәжілісі факультеттің Мәсәні көшесіндегі жаңа оқу корпусында факультет деканы Хасен Ыбырашұлы Ыбырашевтың кабинетінде өтті. Кезек маған келгенде: «Бұл жігітті Семейдің бір қалалық мектебіне бөліңдер» деп бұйырды. Әдетте деканымыз мұғалімдер ұжымында да, студенттер арасында да, жалпы бүкіл университет көлемінде де аса беделді, сөзі уәлі, айтқаны жерде қалмайтын, бетіне ешкім қарсы келмейтін кісі еді. Мен мұндайды күтпеген едім, комиссия мүшелері де ыңғайсызданып, көздерін

менен тайдырып әкетті. Дәл осы уақытта Құлжабай ағам ұшып тұрып: «Қасеке мұнығыз не, ғылыммен шұғылданып жүрсен, талапты студентіміздің бірі емес пе, аспирантураға жіберу керек», – деп қатқыл дауыспен араша түсті. Тағы бір екі кафедра меңгерушісі қолдау білдіргендей болды. Сол кезде Жоғары білім министрлігінің кадр бөлімінен келіп отырған өкіл: «Қасеке, бұл балаға ұстаздары араша түсіп жатыр ғой, Павлодардың индустриялық институтының атынан Ғылым академиясына мақсатты аспирантураға деген орын бар, соған жазайық қарсы болмасаңыз» деп дипломатиялық мәмілеге шақырды. Деканымыз жұртқа арқасын беріп, «не қылсаңдар, о қылыңдар» деп теріс қарап отырып алды. Содан соң министрліктің өкілі ишаратпен ведомосты көрсетіп, қол қой деп шақырды.

Осылайша Құлжабай ағам менің өмір жолымның дұрыс бағытқа бұрылуына екінші рет ерекше ықпал етті.

Құлжабай Әбдіқалықұлы туралы көп дүние айтуға болады. «Оның таланты, өмір жолы, ақжарқын мінезі, қазақ халқының қамын ойлауы да өзінің жерлесі алаштың ұлы қайраткері болған, «Қазақтың ірілері, Абайдың інілері» атанған Жансүгіровке ұқсас еді» деп жазыпты естелігінде профессор Бүркіт Баймұханов.

Ал академик Қасымовтың ғылыммен алаңсыз айналысуына оның сүйікті жары Бәтимаңның үлесі зор болғанын жазған досы Елден Ақшоққаров: «Біз үш дос едік. Зымырап өткен уақыт, өмірдің тоқтаусыз іркіліссіз айналатын тынымсыз доңғалағы бізді сексеннің сегізінше жақындапты еді. Әттең, сен де, Жамбыл да жете алмай кетті. Мен жалғыз қалыппын. Осыдан алпыс жиы жыл бұрын республиканың түкпір-түкпірінен келіп, университет бітіріп, Алматыда қалған он жеті жас едік. Бүгін соның сегізінше қалыппыз», – деп толғанады жазбасында.

Ал профессор М.Дауылбаев математика ғылымының мақтанышы болған академиктің сонау Мәскеу қаласынан арнайы оқытушыларды шақыртқаны туралы былайша тебіреніпті. «Құлжабай ағайдың шақыруымен елмеге аты әйгілі ғалымдар С. Ломов, В. Треногин, А. Васильева, В. Бутузлов, В. Рожко, Ю. Рябов және тағы басқалары Мәскеуден арнайы келіп, дәріс жүргізген еді»

Сара жол

«Әрбір шиырлаған соқпақ күретамыр - сара жолға арадады» деп жазады бір мақаласында академик Құлжабай Қасымов. Ол өзі салған сара жолымен жүріп, елдің елеулі ұлына айналды. Оның есімі тек ғылыми ортада ғана емес, бүкіл ел есінде сақталып, халқының мақтанышына айналды.

Академиктің досы Ж. Мырзалыұлы өз жазбасында: «Қазақстанда академик К. Персидскийден кейінгі өз мектебін қалыптастырған, оны жұртқа мойындаттырған тек Құлжабай болды. Оны біз мақтанышпен айтуымыз керек» депті.

Осы орайда интернационалдық өмірбаян орталығы (Кембридж, Англия) математика саласындағы аса көрнекті жетістіктері үшін Құлжабай Әбдіқалықұлына «1900-2000 жүз жылдықтың адамы» атауын бергенін де айта кетейік.

«Өнегелі өмір» атты кітапты оқып отырып Талаптыдан шыққан талант туралы сан түрлі ой түйдік. Ал, мақаланы жазуымызға түрткі болған ағаның інісі Бердібек Нүсіпұлы академиктің есімі кітапта жазылған жылы естеліктермен ғана шектелмей, жетісудың төрі Талдықорған қаласындағы білім ошақтарының біріне Құлжабай Әбдіқалықұлының аты берілсе, нұр үстіне нұр болар еді дейді.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ҚАЙРАТЫҒЫНА СЕНГЕН

Алатаудың басындағы аппақ қардай, шашы толқындалып, алақандай бетіндегі уақыт салған әрінің өзі өңіне жарасып тұр. Қиядағыны отты жанарымен шолған, құз басындағы қырандай тұлғасына қарап, жасында жігіттің сұлтаны болғаны кескін-келбетінен көрінеді. Ақсақалдық жасқа қадам басса да, әлі де аламанның алдын бермес арғымақтай мойнын созып, қатарластарынан «Менімен құйысқан тістесер кімің бар» - дегендей, алшаң басады.



ҚАСЕНЖАН

«Нұр-Сұлтан» қаласына «Ауыл» Халықтық-Демократиялық Патриоттық Партиясының XVI съезіне делегат болып сайланған 12 адам бір вагонды емін-еркін жайлады. 1-ші вагон, 1-ші купеге облыстық партия төрағасы Қанат Бекиев, Қапшағай қалалық партия бөлімінің басшысы Базарбай Оралбаев, Талғардан әңгімеге арқау болып отырған партия басшысы Қасенхан Әуелбаев және мақала авторы мен орнықты. Басшымыз Қанат Бекиевтің ұйғарымымен біз орналасқан вагон штаб жасалды. Құмырсқаның илеуіндегі бірі кіріп, бірі шығып жатқан, құрқылтаидың ұясындай штабтағы қызу әңгіме барысында Қасенхан ағамен жақынырақ танысудың сәті түсті. Мольнан жайылған дастарқанда құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Құстың еті, жал-жая, қазы-қарта, көкөністен көмкеріліп көк мойнақтың тығыны ашылып ақ-тер, көк-тер болған «Ауыл» партиясының делегаттарына Қасенхан аға сүбесі ақ майдан көрінбейтін қойдың етін мольнан асып алып кепті: «Жігіттер қытайлық ғалымдар біздің экологиямызды толықтай зерттеп, Жетісу өңірінде қойдың етін жеу керек депті. Соны ескеріп құнан қойдың етін ала келді» - деді.

«Өткен жылы жол сапарда жылқының сүрісімен жал-жаясынан дәм таттырып едіңіз. Қойдың еті қорғасын деуші еді, сізде бергеніңіз холестеринге қатысы жоқ деп Іле ауданындағы «Ауыл» партиясының төрағасы Нұрболат Естеуізов ақ майдан асап-асап жіберді. Қалжыңдары жарасқан «Ауылдықтардың» ортасында Кербұлақ пен Текелі қаласынан келген Жұмақұл Садықова мен Светлана Чукунова қырдың қызыл қызғалдағындай құлпырады.

«Астарыңыз дәмді, қыздарыңыз сәнді, өмірлеріңіз мәнді, мыңғыртып мал, жайқалтып егін еккен қалталылар мен серіктес болған мені де Құдай, өлтірсін бе? Осы 12 делегаттың әр қайсысы «Алатауды» шаруаларға қолқа салып 500 данадан жаздырып берсе, менің де мұрнымыз балта шаппас еді-ау - деп бұйымтайымды тілекпен қосып жібердім.

Қол жайып Құдайдан бір, адамнан екі сұрап отырсың Айтеке, айтылған сөз атылған оқ жазыламыз. «Алатау» «Ауылмен» бірге ғой, газетің бізге ұнайды, шаруалар бізді тындайды, ақынның қасында отырған соң, ақын болып кетеді екенсің деп кербұлақтың кермаралы Жұмақұл ауылдықтарды ду күлдірді. Көңілдері шалқып, буындары балқыған делегаттар арасында екі беті алауланып, Қасенхан ағам Жетісуды билеген Тезек төредей теңселіп қояды. Өзілдері жарасқан ағаларым, арқа-жарқа болып, съезде айтылатын ауылдың мәселесін де талқылап, бір тәулікке жетер-жетпес мезгілде елдің жүрегі елордаға қалай жеткенімізді байқамай да қалдық. Құдайдың құдіретін қарашы, жол бойы Қасенхан ағаммен бір купеде болсақ та оңаша тілдесудің сәті түспеді. «Нұр-Сұлтан» қаласына қонақ үйге барғанда ұйымдастырушылар аға екеуімізді бір бөлмеге тіркепті. Құдайдан сұрағаным жерден табылып, ағамды қолтықтап бесінші қабат 220-шы, бөлмеке орнықтық.

-Шаршаған жоқсыз ба? Қоюлатып шай берейін деп Базарбай Оралбаев ағамның бөлмесіне алып барып, ауқаттандырып, бәйгеге жаратқан құлагердей ащы терін шығардық. Көңілі жайланып, арқаны кеңге салып, ағам да ағынан жары-

лып сұхбат берді. Сөзге салсаң сөлін сығып, іске келгенде иірімде жүзген жайындай бұлқынды.

- 1982 жылы Алматыдағы мал дәрігерлік институтын бітіріп, еңбек жолын Кербұлақ ауданы Қызылжар қой совхозында мал бордақылау алаңынан бастадым. 1984-1987 жылдары сол совхоздың екінші фермасында зоотехник, 1987-1990 жылдары совхоздың бас зоотехнигі, 1990-1995 жылдары Арқарлы совхозында жеке шаруашылығын басқардым. Содан кейін аумалы төкпелелі заман басталып, нарықтық жүйе ене бастағанда Талғар ауданының Жалқамыс ауылына қоныс аударып, «Әуелбаевтар» жеке шаруашылығын құрып, 2000 жылдарға дейін егістікпен айналысып, жүгері картоп, асқабақ ектік - деп шампанның тығындай атылған Қасенхан аға басынан өткерген қиындықтарын айтты. Біріншіден кеңестік дәуірде алған білім бойынша тек мал саласының маманы болғандықтан егістікпен айналыспағанмын. Әрине қиындықтар

жақсы өнім алдық. Айналадағылар, жүгеріден гектарына сегіз тоннадан алып, сабан той жасап қуанып жатса, мен он екі тоннадан алдым. Оның себебі егін егетін жердің маңайында бұрынғы шаруашылықтан қалған ескі көң бар екен. Соны қыстай егістікке төктік. Соның пайдасы тиді. Ешқандай химикат бермедік, қолмен түптеп, уақытылы суғарып тұрдық. Міне, бауырым, қазір ойлап қарасам, үлкен корпорациядағыдай жағдайымыз жоқ, бәрін қолмен отадық, қолмен суардық. Қиналған еңбегіміздің жемісін Алла да берді. 2000 жылға дейін егіншілікпен айналыстық, мал ұстадық. 2000 жылы Қайнар округының әкімі Темірәлиев Бари Шаяхметович деген кісі болды. Қыстың көзі қырауда ауыл басшысымен танысайын деп барсам аяқтарының астына жылытқыш қойып, өздері қалтырып тоңып отыр. Сол кезеңдегі «басқа тартсаң аяққа жетпейтін көрпе» сияқты қаржы бюджеттің өзінде жоқ болып тұр ғой. Қалтасы тесік ондай билік, халықтың

дайындалып, зеректігімің арқасында, сынақтан сүрінбей өтіп, әкімшілікке вединспектор болып жұмысқа кірдім. Ол кезде маман жетіспейді. Мұғалімдер де ветеринария саласында жүрді. Оған қарағанда менің зоотехнигім сәл де болса бұл жұмысқа келеді. Екі жыл сол әкімшілікте жұмыс жасадым. Айлығым 5000 теңге, ол кезде ақшаның құны бар еді. Бала-шағаңа бір айлыққа бірдеме алатынсың. Қазір ойлап отырсам таң қаламын, қазіргідей ұялы телефон, не машинамыз жоқ. Таңсәріден, Жалқамыстан жол-жөнекей көлікке қол көтеріп жұмысқа барам. Сосын округ әкімі тапсырған қағаздарды реттеймін. Ауданға шақыраймыз, шаруа бастан асады, бірақ бәріне үлгеретінбіз. Қазір барлығы бар, бірақ ештеңеге үлгермейсің. Сүйтіп екі жыл вед. инспектор болды. Округ әкімінің орынбасары бір жас жігіт еді, ол үйленіп Атырауға кетті. Сосын әкім маған «орынбасар бол» деп қолқа салды. Ат-тонымды ала қаштым. «Мен қалай орынбасар боламын, ана жақта шаруашылығым бар ғой» - дегеніме қарамастан маған сенім артты. Сөйтіп үш жыл орынбасарлық қызмет атқардым. Мені жұмысқа шақырған әкім зейнетке шықты. Ол кісінің орнына Абай Сәдуақасұлы Бигелдиев деген азамат келіп 2009 жылға дейін әкім болды. Ол азаматтың қызметі жоғарылағанда ауыл тізгіні менің қолыма өтті. Бір жағы шаруашылық жұмысы бар, бір жағында бір округтің тыныс-тірлігіне жауаптысың. Ол кезде қазіргідей ауылдарға үкімет тарапынан көп ақша бөліне қойған жоқ, қиын жылдар еді. Жан-жақтан көшіп келіп қоныстанып жатқан халықта есеп жоқ. Елбасының әрбір қазақстандыққа 10 - сотыдан жер берілу керек деген тапсырмасы бойынша қоныстанушылардың коммуникациялық жобасы кейінге сырылып, жерді бөліп бере берген ғой. Мен әкім болғанда 30-40% үйлер салына бастады. Олардың жол, электр, су жүйесі тартылмаған. Мен қалай әкім болдым, кабинетім мен есігімің алдын торуылдап шұлаған халық: «Әй әкім мырза! Қашан свет бересің? Тым құрығанда электр жарығын жүргізіп берші» - дейді. Ол кезде жергілікті бюджетте ақша жоқ. Қазір де мандытып беріп жатқаны шамалы ғой. Әр квартал сайын бес рет бөленбай ауылға электр жарығы керек деп километріне дейін есептеп, ауданға хат жазамын. Ешқандай жауап жоқ. Халық оны түсінбейді. Улап-шұлап мені түтіп жейді. Сосын аудан әкімі Өмірәлиев Талғат Әбенұлы деген азамат болды. Қазір Панфилов ауданының әкімі. Сол кісіге кірдім. Талғат Әбенұлы осындай-осындай жағдай КТК телернасынан елдер шұлап жатыр. Осылай отырамыз ба? Сізден аттап облысқа барайын, жағдайды түсіндірейін, қаланың іргесінде ауыл жарықсыз, сусыз, жолсыз отыр. Оның үстіне өзіміздің қаракөздер. Осыған бірдеңе жасайық дедім. «Жан-жаққа хат жазып, қақпаған есігіміз қалмады. Сен барғаннан



болды. Егін жайын билмегендіктен алғашқы егіншіміз күйіп кетті. Оның өзін бір сиырды сатып, соның ақшасына тұқым алып еккенбіз. «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың» демекші, жер ананың да қыр-сырын жер жырттып, егін салып жүріп меңгердік. Ол кезде техника жоқ, қара жұмыстың бәрін қолмен атқардық. Оның да өз артықшылығы бар шыққан өнімнің түбі толық тазаланайды. Ал техника сызып қана кетеді де, дұрыс тазаланбайды. Өндірген өнімшімізді базарға саудалап күн көрдік. Содан Талғарға көшіп келдік, ешкімді танымаймыз. Алты балам бар, бәрі мектепте болды.

«Әуелі тәңірі жерге береді, Жерге берсе елге береді, Елге берсе ерге береді - дегендей, бірінші жылы егіншіміз күйіп кеткен мен келесі жылы

қай мұқтажын өтейді. Өздері қақаған аязда бір бөлмеде бүрісіп отыр. «Бәрің ауру боласыңдар ғой, мынау не деген сұмдық» - деп округ әкімімен таныстым. Кабинет толған қағаз, қарасам ауданнан, облыстан келген құжаттар. Әкімнің қасында отырғандар мал шаруашылығының иісі мұрнына бармайтындыр екен. Таудай болып үйіліп жатқан қағаздарды көрсетіп, «Қасеке сіз ананы көріп беріңізші» - дейді әкім. Екі-үш сағат тапжылмай отырып, әлгі құжаттарды реттеп тастадым. Содан көзге түсіп қалған болуым керек, екі-үш айдан кейін өзі іздеп келіпті. Білімің бар екен, бізде бір вакансия бар, кел деді. Сосын мемлекеттік емтихан тапсыру керек болды. Мен ойладым, өзімнің мал шаруашылығына қатысты сұрақтар қоятын шығар деп, сөйтсем сұрақтары мүлде бөлек болды. Айналасы бір екі сағаттың ішінде сұрақтарға

КӘСІБІ – НӘСІБІ

бірдеңе шыға ма? Жарайды, менің атымнан жаз, қол қойып берейін, бар» деді. Салақулаш хатымды арқалап, Облыстық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының (ЖКХ) бастығы Ызғарбек Бектұрсыновқа бардым. Ол кісі үш рет кіргізбей қойды. «Пара бергенше бара бер» - деген тәмсілді арқа тұтып мен де бастықтың кабинетін жағалаудан жалықпадым. «Мына шаруаға халықпен ақылдас. Идиологиялық жұмыс жүргіз. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының бастығы қайда? Қаланың түбінде мынандай жағдай бар дегенге сенбеймін деді. Төртінші рет барғанда кабинетінен шықпай қойдым. «Мына мәселені бірдеңе қылып шешейік дедім. Ол кезде қазіргі облыс әкімі Амандық Баталов бірінші орынбасар еді. Сол кісіге кірейік» деп едім «Сен не айтып тұрсың?» - деп ашуланды. Сосын айттым, «Мына халықпен машинаға салып алып, жолда бір кафеге кірдік. Видеоға, фотоға алдын ала түсіріп алған бейнесюжетті көрсетіп, «сен бар, барма осы» дедім. «Мен бірнеше ауылды көрейін көзімді жеткізейін» деді. Апарып көрсеттім. «Мынау масқара ғой» дейді. Сонда облыста отырғандар Алматы қаласының іргесіндегі ауылдардың қал-жағдайын білмейтін болып тұр ғой. Содан келген жігіт бастығы Ызғарбек Бектұрсыновқа қоңырау шалды. «Давай, кешкі сағат сегіз жарымда бәріңді тосам келіңдер» деді. Содан не керек түнгі он бірден кете бардық. Үш-төрт маманмен отыр екен. «Келдіңдер ме?» - деді. Иә дестік. «Мына жігіттің шырылдайтындай жөні бар екен. Давай, Бағлан жоба жаса» - деді. Ол Бағланға тапсырған жобаның сметасы мен черновой вариантын жасатып қойғам. Ауылда, Қарақалпақстаннан келген бір жігіт бар еді. Соған сен жасай берші деп, жүріс-тұрысына қалтаман ақша шығардым. Он екі ауыл дегеннің проектісін жасау үшін жарты жыл кетеді. Алдын ала қамданғанымыз тәуір болды. Бектұрсыновтың кабинетінен шыққасын Бағланға қолымдағы проектімен сметаны беріп, «Сен мынаны тексер, теріс жерлері болса түзетерсіңдер» дедім. Он екі ауылда он екі папка болатын. Бір-екі күннен кейін хабарласады. «Аға мына жобаңызды қарап шықты, бәрі дұрыс» дейді. Сосын түзететінін

кредит алуына көмектестім. Оны өздері қайтарды. Екінші мәрте 9 миллион алып, оны жауып, одан кейін 15 миллион алып оны жауып, 30 миллион алуға талпынып жатыр. Мал басы көбейіп келеді. 2016 жылы наурыз айында 105 миллион алып ет бағытында 240 құнажын, 300 бас жылқы алдық, бұрыннан өсіріп келе жатқан 1000 дай қой болатын, құдайға шүкір. Қазір 650 жылқы, 250 бас ірі қара, 1500 бас ұсақ мал бар. Мен соларға баскөз болып, ақыл-кеңесімді айтып отырамын - деген Қасенхан аға сыбаға бағдарламасымен жылқы алдық, оның да тауқыметі жетеді. Малды жылына бір-ақ рет етке өткізесің. Оның шығынын барлық несиеден дер кезінде төлеп отыруың керек. Сол үшін малдың басы азаяды. Оның проценті 6 емес 8, 10 процентке дейін кетіп қалады. Аграрлық несие корпорация арқылы алынған несие. Ол жерде отырғандар да еңбек ақы алу керек қой. Процент қосады. Осы тұрғыдан айтқанда мал шаруашылығы өте қиын. Қазір мен есептеп қарасам, 2 пайыз не 3 пайызбен берсе, әрі төлем уақытын кішкене созыңқырап берсе, біздің жылқының басы мыңнан асып кетер еді. Сиыр да солай. Әу баста елден сатып алған мал басын біртіндеп асылдандырдым. Шынын айту керек әлі айналымға түсе алмай жатырмыз. Жақсы өсіп келе жатқан малды алған несиедені жабу үшін сатып жібересің. Мемлекет тарапынан мынаған тиіспе, мынау өсіп келе жатыр екен деген көмек жоқ. Сондай-ақ, несиенің системасын өзгерту керек дейді.

Сіздің ойыңызша оны жүзеге асыратын жоба бар ма? - деген сауалыма.

- Оны дайындауға болады. Мына Жамбыл ауданында Израильден инвестор келіп отыр. Ол бүкіл Қазақстанды аралап шығып, малдың басын көбейтуге мүмкіндік көп екендігіне көз жеткізді. Бұған қорықпай ақша саламын деп келген. Қазір Қытайға пәленбай тонна ет экспорттап жатырмыз ғой. Тап қазір оған Қазақстанның мүмкіндігі жоқ. Ондай ет те жоқ. Санаулы адамдарда ғана мал



Бір басқа 3 гектардан есепке келеді. Оның бәрін мал мен қаржы бөліп отырған тараптың комиссиясы көреді. Мен олардың бағдарламасын көрдім. Өте дұрыс жасалынған. 100 бастан 80 бұзау алып беру керек. Одан артылғаны өзіңде қалады. 5 жылдан кейін жаңағы 100 басыңыз да тағы өзіңізде қалады. Шығынын өтеп берсеңіз болды. Мысалы 100 бас алсаңыз, жартысы еркек, жартысы ұрғашы болса еркегін бордақылауға қоясың, жартысын өзіңе қалдырасың. Саған 150 басқа 7 жарым миллион ақша береді. Сөйтіп-сөйтіп көбейтеді малдың басын. Мұнымен ет бағытында малды өсіруге болады екен. Қазір бұған ауылдағы шаруалар қуана келісуде. 100 бас беріп, 5 миллион ақшасын беріп отырса одан артық қандай пайда керек?!

Біз «Сыбаға» бағдарламасымен алып отырымыз, одан басқа үкіметтен көмек жоқ. Жем, шөп керек, бақташының айлығы деген сияқты. Осының бәріне ақша табу керек, тапқан ақшанды несие жабуға жұмсайсың. Осыдан кейін мал басы саны кемі береді. Мысалы мен 240 бас алып, 800 басқа дейін көбейттім. Ал 8-10 процентпен несие төлеу өте ауыр. Израильдік инвесторлар валюталық шот ашыңдар - депті. Себебі ақша шетелден түседі. Оған жоғары жақтағылар рұқсат бермей қойыпты - дейді.

Төрт түліктің қыры мен сырын жетік білген Қасенхан аға қазір мал бағатын бақташы жайлы да ашы шындықты айтты. Біз қазір ата-баба кәсібін ұмыттық. Осындай ұланғайыр аумақты ұстап келгеніміз осы мал шаруашылығының арқасы. Мал бағуға қазір адам шықпайды. Тәрбие солай, совет үкіметі тұсында, балаларды осы ауыл шаруашылығына қарай бағыттайтын. Оқуға түсе алмағандар өз саласына бағытталатын. Қазіргілер қара-шай, қара нан жеп отырса да қалада отырады. Қиналғысы келмейді. Соның біразына айттым. «Өздерің кетесіңдер, балаларың не болады?» - десем ауыл шаруашылығы десе төбе шаштары тік тұрады. Нәліктен олай болғаны түсініксіз. Ол үшін мал басын көбейтіп, мемлекет тарапынан субсидия бөлінсе, оны дұрыстап таратса, инвесторларды көптеп тартып, жастарды қызықтырса, бұл мәселе шешілер

еді деген Қасенхан Маратбекұлы көрші қытай мемлекетінде 200 бас сауын сиыр ұстаймын десе, мемлекет мал асыраушыны толықтай зерттейді. Қолынан келе ме, келмей ме? Бұрын не жұмыс істеді соның бәрін егжей-тегжейлі сараптап, сенімділік қолхатымен береді. Бірақ қаржыны қолма-қол бермейді. Бұл өте дұрыс. Құрылысын салып, басқа да материалдық көмегін жасайды. Жайылым, шабындығын бәрін ыңайлап береді де, жылына мынадай-дан үкіметке құйып отырасың. Оны өзінде лизингті бес жылдан кейін құясың дейді. Онысы мал асыраушы аз уақытта өлгенін дегені. Бізде де осындай тәсілді жасаса болады. Онда жастар да барар еді. Бізде бақташыны ұстап отырғандар да айлығын дұрыстап бере алмайды. Сосын малы құрысын дейді де қалаға кетеді. Қазір 6 миллиондық несие беріп жатыр. Ол алты миллионмен не жасайсың? Мал алсаң оның жем-шөбі, қора-жайы керек. Онда не техника жоқ. Біреудің ескі-құсқы техникасын алады. Жердің өзі қалаймақан таратылып кеткен. Бәрінің иесі бар. Сонда жаңағы берген 6 миллион қайысысына жетеді? Мал алмақ түгіл жаңа техника алуға да жетпейді. Сосын несиеңі қолға бермеу керек. Мемлекет есебінен мал бордақылау алаңы, техникалар берсе, қаншама жұмыс орны ашылар еді. Мысалы екі мың бастың өзіне 20-30 адам жұмыс жасайды, малшың бар, тракторисің бар дегендей. «Жыылғанға жұдырық тиіпті» демекші, егер жемлекет ауыл шаруашылығын көтереміз десе, ұрлықты тыю керек - дейді. Қазір елдің қорасының артын бұзып өкетеіп жатыр. Сол ұрылардың бірі ұсталса, екіншісі ұсталмайды. Екі-үш ай отырғызады да шығарып жібереді. Біреудің отыз жылқысын ұрлады ма, бір жылқысын ұрлады ма жазасы бірдей. Екі-үш жылға соттайды. Сол ұрысы екі-үш айдан кейін бостандықта жүреді. Бір ғана Қайнар округінен 22 ірі қара ұрланды.

Оның 8 - і жылқы, бір ай болды менен 6 - бас кетті. Полицияға барсаң айтатындары іздеп жатырмыз. Бізде оперлер жетіспейді дейді. Тіпті күдіктілердің тізімін де бердік. Бірақ нәтиже жоқ. Сондықтан заңның тармақтарын өзгертіп, қатаңдату керек. Түз тағынан бір екі аяқты қасқырлардың екі опық жеп отырған шаруаларды ұры-қарылар бұлай тонай беретін болса, мал ұстаудың да қажеті жоқ деген Қасенхан аға шаруалардың мұң мен зары жоғарыға жетсе дейді.

- Иә, «Ашынғаннан шығады ащы дауысым» деген осы. Біреулер күн-түн демей, тырбанып, қарызданып-қауғаланып шаруашылықпен айналысып, бейнетпен мал тапса, жанын қинамай, сол шаруаның мүлкіне көз алартқандар үйірлеп жылқы, табындап ірі қараны айдап кеткенімен қоймай қора-қопсысын қопарып малдарын жетектеп кете баратын болған. «Біздің ауылда ұры жоқ, қазір қойғаным қазір жоқ» - деген мақалды талғарлық шаруалар полицияларға қаратып айтып жүр. Ұрылар көз алдымызда көлбеңдеп жүр, күдіктілерді тізімдеп бердік. Тиісті шара қолданбай ұзын арқан, кең тұсауға салған сақшылар сонда кімнің тыныштығын күзетіп жүр деп алды.

ТҮЙІН ОРНЫНА:

Мұның бәрі құдай қосқан қосағым Дина мен балашағамның арқасы. Әкем марқұм 90-ға келіп дүние салды. Жарықтық тәлім-тәрбие бергенде «Біреудің ала жібін аттама, өзің бейнеттен, кісі ақысын жеме» - деп айтып отырушы еді. Сол тәрбиені өз балаларыма да үйреттім. «Жаннұр» шаруа қожалығында Жәнібек атты балам барлық малға ие болса, Мадияр баламның атынан ашылған шаруа қожалығына егістікке, техникаға Дархан атты балам жауапты. Үлкен балам Жандос Әуелбаев аудан әкімшілігінде бас саулетші қызметінде, Мадияр Алматыда «АТФ» банкіде жұмыс жасайды. Балаларымның бәрі бес аспап, шаруашылыққа жұмылып кетеді. Трактор да, машина да айдап, шөп шауып, мал да емдейді. Осының бәрі ұшқан ұяның тәрбиесі. 2015 жылы аудан әкімі Райхан Садықова сіздің аудан экономикасына сіңірген еңбегіңіз өлшеусіз деп ауданның Құрметті азаматы атағын берді, мемлекет тарапынан да лайықты бағаландым, алған медалдар мен марапаттар көп. Өткен өміріме зер салсам ең басты құндылық денсаулық пен адам тәрбиесі екен. Мен ең алғаш жоғары білім алып, Қызылжарға жұмысқа барғанда бөлім меңгерушісі Әкіш Қаспанов, совхоз директоры Ахат Аюбаевтардың тәлімін көрдім. Осы сабақтастық бүгінгі толқынға жалғасса - деген Қасенхан аға бүгінгі идиологиялық тәрбиенің де, отбасы құндылықтарының да ұсақталып бара жатқанына алаңдаулы екенін айтты.

Айтақын МҰХАМАДИ



түзетіп, экспертизаға тапсырдық, екі жетінің ішінде он екі ауылдың су мен жарығы дайын болды. Қалған жолын көреміз деді. Бұл 2010 жылы болатын. Бір-екі ай тос деді. Расымен де қазанның ортасында миллиардтап қаржы түсе бастады. Бұл қаржыны ауданның мәслихат депутаттары бекітеді ғой. Түскен қаржының бәрі Қайнар округіне деп бекітіледі екен. Мұны көрген басқа округтың әкімдері «Ақша түседі барлығы Қайнарға кетіп жатыр. Қайнардан басқа жерде проблема жоқпа» - десе, Ыдыралиева Рая Мусаевна деген мәслихаттың хатшысы: «Ол, Қайнардың әкімінің еңбегі. Облысқа шапқылап қаржы, өзі сурап алған. Сондықтан, ешқайда бұруға біздің құқымыз жоқ депті. Сөйтіп 2011-2012 жылы 12 ауылдың суы мен светі жасалды. Бірақ, ауыз суы 2014 жылы толық жасалды деген Қасенхан ағаға көсіпкерлікке қай жылы ауыстыңыз?» дедім.

- Кәсіпкерлікке 2015 жыл ауыстым. Ауданның әкіміне қайта-қайта кіріп жүріп мамандығым зоотехник қой. Сондықтан мені сол сала тартып тұрады. Өзім мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысам деген ойымды айттым. Аудан әкімі бір жыл жібермей 2015 жылы жіберді. 2007-ден бастап шаруашылық құрғанбыз. Әйелімнің атында «Мадияр» деген шаруашылық бар. Несие алып, жұмыс жасадық. Жалқамыста егіншілікпен, малмен айналысқанның пайдасы тиді. Балалар да ержетті. Шаруаны өздері алып кетті. 6 миллион

бар да халықтың көбі малсыз отыр. Көп жайылым бос тұр. Ал жаңағылардың программасы маған ұнады. Ет бағытында 100 құнажын өкел береді. Соны қыстан шығарып бағу үшін тағы 5 миллион береді. Алушы тура бақташы сияқты. 100 сиыр алу үшін 300 гектар жер, жайылым болу керек.



Бейсенбі - Четверг, 19 желтоқсан



ҚАЗАҚСТАН

06.05,17.15,04.05 «Көңіл толқыны»
06.30,14.00,17.00,20.00,00.50 AQPAPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00,18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00, 01.20 «Ниет» ток-шоуы
14.10 Т/х «Гауһар»
15.00,21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00,03.40 «Жүз жаңа есім»
16.30 «Бір күн»
20.35,02.50 «Ашық алаң» ток-шоу
22.30 Т/х «Ғазиз жүрек»
23.25 «Azil time»
00.15 «Нұр Тілеу» сұхбат

волы. Рубежи Родины»
14.50 X/ф «Отмена всех ограничений»
17.00 Т/х «Жат тауыстар»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.30 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.30 «Той Beststar»
04.15-05.00 «Әйел қырық шырақты»



ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Арнайы репортаж»
10.30 «Ұлт пен рух»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 61-бөлім
12.00 «Кең ауқымда»
12.30 «Қателік»
13.00 «Шашу»
14.00 «Тастүлек» №5
14.30 «Спорт-тайм»
15.00 «Әсем әуен»
16.00 «Киноман»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
18.00 «Шашу»
19.00 «Тұжырым» /тікелей эфир/
19.30 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Тілсақшы»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 62-бөлім
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро (қайталау)
08.00 Бауыржан-шоу
09.10 М/ф «Смешарики. Легенда о золотом драконе»
11.00, 21.15 Сериал «Иффет»
12.30 Сериал «Фазилет ханым»
13.30 «Тылсым әлем»
14.45 «Экстрасенсы детективы»
16.00 Сериал «Интерны»
18.00 Сериал «Ивановы-Ивановы»
20.00 Информбюро
22.45 Сериал «Жанкешті ханымдар»
01.10 Сериал «Мехектің өмірі»
01.50 Сериал « Адасқан ғұмыр»
02.30 Алдараспан,Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио



7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 22.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с «Монкрат»
09.20 Сериал «Три дороги»
10.40, 02.00 «Смеяться разрешается»
12.30, 19.20 Т/с «Вольная грамота»
13.40, 18.15 Т/с «Балабол-2»
15.00, 21.05 Т/х «Бастық боламын»
16.00, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
20.20 Сериал «ИП Пирогова»
21.00 Лотерея 777
23.05 Т/х «Бұлбұл»
23.50 Сериал «Хирургия. Территория любви»
04.45 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 20 желтоқсан



ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.55 Әнұран
06.05 Көңіл толқыны
06.30, 14.00, 17.00, 20.00,01.35 AQPAPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
10.00, 18.00 Т/х. «Шытынаған тағдыр»
12.00, 01.05 NIET Әлеуметтік ток-шоу
14.10, 22.30Т/Х «Ғазиз жүрек»
15.00, 21.30 Т/х. «Жат мекен»
16.00 Иман өзегі
16.25, 03.55 «Менің Қазақстаным»
17.15, 03.25 Ауылдастар
17.45 «Екі жұлдыз» күнделігі
20.35, 02.35 «Ashyq alan»
23.25 «Azil time»
00.00 «Parasat maidany»



ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 М/с «Клео-забавный щенок»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
10.00 Т/Х «Қаламгер»
08.00 «Жаңалықтар»
09.00 «Новости»
10.45 Т/х «Абдулхамид хан»
11.30 Хабар Line
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30, 01.30 Патриот
13.00 Сериал «Между нами девочками»
14.40 Сериал «Разия»
15.00 Ток-шоу Давайте говорить с Айгуль Мукей
16.00 Дневник
16.30 «Религия. Сегодня»
17.00 Сериал «Листопад»
18.30 Т/Х «Шашу»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Т/Х «Дулати»
20.50 Премьера Новый курс
21.00 Итоги дня
21.40 «Право на убийство»
23.20 Khabar boxing
01.00 Менің тағдырым



АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл» концерт
06.30 Күлдірген
07.00, 01, 20 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 00.10, «Не ври мне»
11.00 «Брак по завещанию»
13.25, 21.00 «Қара ниет»
15.50 «Айтарым бар»
16.50 «Гүнештің қыздары»
20.00, 02.30 «Astana times»
23.00 Т/х «Жаза»
03.30 «KazNet»
04.30 «Сырты бүтін»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 Доброе утро
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «Қалаулым»
15.45 «Давай поженимся»
18.45, 03.00 «Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
22.00, 00.00 «Акушерка. Новая жизнь»
23.00, 02.15 Паутина
04.00 Той заказ



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 Кешкі жаңалықтар

20.00 Астана аптасы
23.00 «Оңай емес»
23.50 «Туған үйім - тірегім»
02.00 Итоги
02.45 «Ел аузында»
03.45 «Казнет»
04.45 «Әзілстан»
05.15 «Күлдірген»



ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее королевство»
07.00, 03.30 «Тамаша сити»
07.50 «Сенбілік жаңалықтар»
08.25, 04.15 «Ұшқалақ»
08.35 «Воскресные беседы»
08.50 «Верни мою любовь»
12.50 Контент
13.25 «Три аккорда»
15.50 X/ф «Москва, я терплю тебя»
18.00 Басты бағдарлама
18.35. 02.30 «Әкемізге қалыңдық»
20.00 Аналитика
20.55, 23.00 Сериал «Любовь нежданная нагрятет»
22.00,01.40 Паутина
00.45 «Теория заговора»



ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Жетісү зертханасы»
10.25 «Единый народ»
10.45 «Құтқару қызметі»
11.00 «Өмір әні»

Сенбі - Суббота, 21 желтоқсан



ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.40 Әнұран
06.05 Quzyq eken
07.00 AQPAPARAT
07.30 «Сәлем, Қазақстан»
09.00,00.40 Ауылдастар
09.25 Тұсаукесер «Толағай»
10.00,18.00 Т/х. «Шытынаған тағдыр»
12.00,01.10 Nur Tiley
12.35 «Екі жұлдыз» күнделік
12.50 «Туған ел» Мөлдір Әуелбекованың концерті
14.20 «Той.KZ» мелодрама
16.10 М/ф. «Белльдің таңғажайып әлемі»
17.40 «Журналистік зерттеу»
20.00,01.40 MASELE
20.35 «Әзіл әлемі»
21.00 «Екі жұлдыз»
22.40 «Сын сағат» фильм
02.15 Parasat Maidany
02.50 «Бір күн»
03.15 Көңілашар
04.05 Konil tolquny



ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Тамаша
08.00 Д/ф. «Қазақ бокс стилі»
08.50 Әзін өзі тану
09.00 Тұсаукесер «Өнші балапан»
10.30 Премьера! «Сенат акакалов»
11.00 Премьера! «Не туристы»
11.30 Премьера! «Дорогая Кымбат»
11.50 «Жұлдызды жекпе-жек»
13.20 Кино «Кемпір»
15.00 Шоу талантов «Central Asia Got Talent»
16.50 Профессиональный бокс. Данияр Елеусінов-Алан Санчез
18.20 Қызық Times
19.20 Новый сезон. Музыкальное шоу вокалистов «Торжаргап»
21.00 «7 күн»
22.00 Мегахит «Бандиты»
00.00 Сериал «Черный список»
00.50 National Geographic «Марс»
01.10 «Көрімдік»



АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30,03.20 «KazNet» ғаламторға шолу
07.00,20.45 Үздік әзілдер
08.00 М/ф. «Маша и медведь»
09.50,21.10 Т/х. «Қара ниет»
11.00 «Біздің ауыл-2»
11.40 Ел аузында
12.40 X/ф. «Москва слезам не верит»
16.40 X/ф. «Восхождение Юпитер»
20.00 Итоги
22.00 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры
01.00 X/ф. «Кішкентай қожайын»
02.50 Той жыры
04.00 Сырты бүтін
05.00 «Күлдірген» әзіл-сықақ



ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее королевство»
07.00 Тамаша сити
07.55 Басты жаңалықтар
08.40,03.55 Ұшқалақ
08.50 Мелодрама «Верни мою любовь»
12.50 «Фабрика грез»
13.15 «Әкемізге қалыңдық»
14.30 Шоу «Лучше всех»
15.50 X/ф. «Чужое лицо»
20.00 Сенбілік жаңалықтар
18.35, 02.55 Кешкі кездесу
20.00 «Главная тема»
20.30,23.00 X/ф. «Сила любви»
22.00,02.10 «П@утина+»
00.30 Кино «Разборка в Маниле»



КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Көңілді отбасы»
07.50,03.10 Т/х. «Үлкен үй»
08.30 X/ф. «Игра с огнем»
12.20 X/ф. «Дом надежды»
16.40 X/ф. «Сердце следователя»
21.00 Большие новости
22.00 X/ф. «Клуб обманутых жен»
01.50 «Жүрегімдесің сен» көркем фильм
03.10 Т/х. «Үлкен үй»
03.45 Той Beststar
04.50-06.00 КТК қоржынынан



ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Желі-KZ»
10.30 «Кең ауқымда»
11.00 «Болмыс» ток-шоуы
11.45 Мультфильм «Қозы, ешкі һәм торы»
12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
12.45 «Ем болсын»
13.00 «Шашу»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Әдебиет пен адамзат»
15.00 «Әсем әуен»
15.50 Мультфильм «Аптын сақа»
16.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
16.25 «Қателік»
16.45 «Ем болсын»
17.00 Жаңалықтар
17.10 «Бала-базар»
17.20 Новости
17.35 «Сильные духом»
18.00 «Зерде»
18.50 «Полиция қызметі»
19.10 «Құтқару қызметі»
19.30 «Жүрек сөзі»,
20.00 «Ауылдағы ағайын»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Жетісү зертханасы»
21.30 Новости
22.00 «Өмір әні»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,02.00 Ризамын
07.00 «Бауыржан шоу»
08.00 М/с. «Маша и медведь»
09.20 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.00 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.40 Тамаша Live
11.40 X/ф. «Амар, Акбар, Антони»
16.10 X/ф. «Падение Лондона»
18.20 X/ф. «101 Далматинец»
20.30 М/ф. «Корпорация монстров»
22.30 X/ф. «Эклавия – Княжеский страж»
01.00,04.30 «Алдараспан, Нысана, Шаншар» әзілдері
03.00 Әзіл студио



7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50 Куырдақ
07.30, 20.30 Гу-гулет
08.00 «Айнаонлайн»
08.30 «Мен сұлұмын»
09.00 М/с. «Фиксики»
09.30 Юморина
12.30 Сериал «ИП Пирогова»
15.00,03.00 Т/х. «Бастық боламын»
21.00 Лотерея «777»
21.05 X/ф. «Терминатор»
23.30 «Дискотека 80-х»
00.20 X/ф. «Молчание ягнят»
05.00 Жеңіп көр



7 КАНАЛ

11.10 «Эклавия – сказочный страж»
13.50 «101 далматинец»
16.20 «Корпорация монстров»
18.20 «Университет монстров»
20.30 «В гости к Робинсонам»
22.30 «Амар. Акбар. Антони»
02.30 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері
03.00 Әзіл студио



7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50 «Куырдақ»
07.30 «Гу-гу-лет»
08.00 «Айнаонлайн»
09.00 Фиксики
10.00 «Теле бинго»
10.30 «Дискотека 80-х»
12.30 Фильм «Терминатор»
15.00 «Мен сұлұмын»
15.30 «Сән мен сымбат»
15.40 К/ф «Тақиясыз періште»
21.00 Лотерея 777
21.05, 23.30 «Мачо и ботан»
02.00 «КЗландия»
03.00 «Бастық боламын»
05.00 Жеңіп көр

Жексенбі - Воскресенье, 22 желтоқсан



ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қызық екен»
07.00 «Сәлем, Қазақстан!»
08.05 М/ф
09.35, 01.50 «Ақсауыт»
10.00, 18.00 Т/х «Шатынаған тағдыр»
12.00, 00.40 «Дара жол»
12.50 Концерт «Жұлдызым»
14.10 «Сын сағат» фильм
16.20 «Екі жұлдыз»
20.00, 02.15 «Арта»
20.45, 03.05 «Сен де кірпіш дүниеге»
21.10 «Әзіл әлемі»
22.30 Жайдарман
02.35 «Бір күн»
03.30 «Көңіл толқыны»

09.50 Дневник «Central Asia's God Talent»
10.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
11.00 «Топжарган»
12.45 Бандиты
14.45 «Қаламгер»
17.10 «Биле»
19.00 «Central Asia's God Talent»
21.00 «7 күн»
22.00 Подведение итогов «Central Asia's God Talent»
22.30 «Большая неделя»
23.30 «Қызық таймс»
00.30 «Черный список»
01.15 «Национальная география»



АСТАНА

06.00 «Ән мне әзіл»
07.00 «Қаламгер»
07.30, 22.00 «Алдараспан»
10.00, 21.00 «Қара ниет»
11.10 «Москва слезам не верит»
15.10 «Восхождение Юпитер»
18.30, 20.45 «Үздік әзілдер»
19.00 Саяси ринг



ХАБАР

06.00 Тамаша
07.00 Концерт
08.50 «Самопознание»
09.00 М/с
09.30 Тұсаукесер «Жауынгер»

ЖОЛДАУ АЯСЫНДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында түрлі мәселелер, соның ішінде мемлекеттік тіл, мемлекеттік қызмет, азаматтық қоғам, этносаралық татулық сияқты бірқатар тақырыпты қозғады. Сондай-ақ, «Педагогтардың мәртебесі туралы» жаңа Заң қабылдауды тапсырғанын – барлық ұстаз қауымы зор ықыласпен қабылдады.

Жауапкершілік жүктеуі

Жолдауда еліміздегі сот жүйесін жетілдіру мәселесіне, сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажеттігі жайлы да сөз қозғалған. «Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет. Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғымас сипатқа ие. Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет», - деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бұл тұрғыда еліміздің сот жүйесіне де мемлекет басшысының тың талаптары тұрғысында табысты еңбек етіп, сот төрелігін атқаруды қалтқысыз жүзеге асырып, халықтың сотқа деген сенімін арттыра түсу жолында зор жауапкершіліктер жүктелетіні де даусыз.

Нұржан ҚАДІРБЕК,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ГЕНДЕРЛІК СТРАТЕГИЯ

Гендерлік теңдік стратегиясы 2006 - 2016 жылдар аралығындағы кезеңде еркектер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне қол жеткізу жөніндегі міндеттердің шешілуін көздейді.



Гендерлік теңдік стратегиясының ең басты мақсаты - әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту және жағдайын жақсарту, олардың қоғамдық-саяси өмірге теңдік негізінде жан-жақты қатысуы. Сонымен қатар шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдігін арттыру үшін пәрменді тетіктер мен уақытша шараларды енгізуі; басқару органдарында кадр мәселелерін шешу кезінде гендерлік теңдікті, еңбек нарығында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және әйелдердің жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу; ауыл әйелдерінің экономикалық ресурстарға қол жеткізуіне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды қабылдау болып табылады.

Гендерлік теңдік стратегиясының мүмкіндіктері: әйелдерді экономикалық жағынан ілгерілету жөніндегі ел басшылығы қабылдайтын шаралар және осы мәселе бойынша мемлекеттік саясаттың әзірленуі; халықаралық ұйымдардың ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерге қол жеткізу үрдістерін қолдауы; үкіметтік емес ұйымдардың әйелдерді экономикалық жағынан ілгерілету мәселелері жөніндегі қызметін жандандыру; түрлі келісімдер шеңберінде мамандарды шетелде және ТМД елдерінде даярлау мүмкіндігін туғызады. Менің ойымша бұл стратегияның берер жемісі өлі алда...

С. ДИХАНБАЕВА,
Кербұлақ ауданының №2 аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ

Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналыса бастады.

Осының нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскені жасырын емес. Ал біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы орны қандай? Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс жасап жүр. Олар – ана, олар – жар, олар – қыз, олар – келін. Қызметтен де басқа қоғамдағы орындары бар. Ең бастысы – әйел қоғамның тең құқылы мүшесі.

Қазіргі уақытта елімізде гендерлік саясат әлемдік үрдістер бойынша жаңғыртылуда және қоғамдық саяси құрылымдарда әйелдердің қатысуын арттырудың маңызды аспектілері бойынша жеткілікті құқықтық база қалыптастып, жаңа деңгейде дамуда.

Әйелдер қауымы судья, Жоғарғы Сот аппараты мен кеңселерде басшы, білікті маман ретінде қызмет атқара жүріп, еліміздің сот жүйесінің дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Олар сот әділдігін жүзеге асыру және соттар қызметін ұйымдастыру бағытындағы жауапты қызметтерді абыроймен атқарып келеді.

Бақыт ЖАПАРОВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы.

МЕДИАЦИЯ

ДАУДЫ РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Сондықтан медиацияны кеңінен қолданудың пәрменді шаралары қабылдаса нұр үстіне нұр болары даусыз. Өйткені, кейбір өзара тіл табыса алмаған дау-дамайларды ушықтырып, сотқа дейін апарғанша, оны медиация жолымен бітімгершілікке келу арқылы оңай шешуге болады. Ол екі тарапқа да пайдалы. Өйткені, қазіргі заманда соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы - дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру.

Бұдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНЫП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГЕНІНЕ БІРАЗ ЖЫЛ ӨТСЕ ДЕ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ ТОЛЫҚАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛМАЙ КЕЛЕТІНІ БЕЛГІЛІ.



қоғамдық ұйымдар атсалысуы тиіс. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу

қарапайым халық үшін өте тиімді. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі. Сондықтан жұртшылық, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, атқарушы билік өкілдері Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының тиімділігі мен қолайлылығын жете түсініп, оның қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуге атсалысады деп үміттенеміз.

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

ЕЛІМІЗДЕГІ СОТ РЕФОРМАСЫ

Елімізде сот реформасын жүргізу мақсатында айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп келеді. Сот билігі мен сот жүйесін жетілдіруде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясында жарияланған бес институционалдық реформаның алатын орны ерекше.

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты сот жүйесі бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне көшті. Сот сатыларының азаяуы істердің тез қаралуын және азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдетуге, сотқа деген халықтың сенімін күшейтуге, әр сот сатысының істі қараудағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Үстіміздегі жылдың 21-ші қаңтарында сот жүктемесін оңтайландыруды көздейтін тиісті заңға қол қойылып, ол заң 2019 жылы күшіне енді. Аталған заң сот жүктемесін едәуір оңтайландырып тастады. Атап айтар болсақ, 2019 үстіміздегі жылдың 3-ші ақпанына дейін сотпен санкцияланып келген сот орындаушылардың 18 әрекетінің, ендігі уақытта тек 2-еуі ғана, яғни, күштеп әкелу және республика аумағынан шығуға тыйым салу ғана, сотпен санкцияланатын болады. Бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібінде қаралатын 18 талаптың 9 талабы нотариустың құзырына беріліп, оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қаралатын 12 талаптың 10 санаты бойынша талап бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібіне ауыстырылды.

Сотта қаралатын істер санын азайтуды қоғам да өте құлтарлық қадам деп танып отыр. Өйткені, 2019 жылға дейін сотта қаралатын істердің саны жыл санап көбейіп келген. Оның ішінде күрмеуі қиын күрделі істер де, шешуі қиындық туғызбайтын, бірақ заң талабына сай сот билігімен ғана шешуді қажет ететін қарапайым істер де болған еді. Сот жұмысы бәріне аян «жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» талап ететін мамандық. Судья алдына келген әрбір құжатты мұқият тексеріп, оған заң тұрғысында тиісті бағасын береді. Ал, оның барлығы уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Бүгінгі таңда сотта жіберіліп жатқан кемшіліктің басым көпшілігі де осы судьяның уақытының тапшылығы салдарынан орын алып отырғаны жасырын емес.

Ендеше, соттың қарауына келіп түсетін жүктемені азайту ол уақыт талабы. Жүктемені азайтудың бір механизмі ретінде Жоғарғы Сот бастамашылығымен атқарылып жатқан сотқа дейінгі бітімгершілік жолы болса, тағы бір жолы ретінде сотта қаралатын кейбір дау санаттарын басқа құзырлы органдардың қарауына беру болатын.

Бақыт ТУРАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

СОТТАҒЫ ТАТУЛАСУ РӘСІМІ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Ж. Асановтың 2018 жылғы мамыр айының 14 күнгі өкімінің негізінде соттарда талап қою ісін жүргізу азаматтық істерді қарау ба-рысында «Соттағы татуласу рәсімдері» пилоттық жобасы іске асырылуда.

2019 жылдың қаңтар айынан қарашаға дейінгі аралықта татуластырушы-судья Г.Тынысбекова 86 арызды қарады, оның ішінде 39 арыз бойынша тараптар татуласу рәсіміне келді, бұл 29 пайызды құрайды. Жоба аясында 16 медиациялық келісім берілді. Жоба шеңберінде материалдық және моральдық залалды, шығынды

өндіру және отбасы даулары реттелді. Медиациялық келісімдер жасаған кезде судья – татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігі бар екенін түсіндіреді, соңында өзара тиімді шарттар бойынша келісім жасалады. Пилоттық жобаны енгізгеннің

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

арқасында талап қоюшыларға мемлекеттік баж қайтарылуда, бұл азаматтар мен заңды тұлғаларды дауды бітім жолмен шешуге ынталандырады. Даулар тез арада шешімін табады, бұны тараптар жобаның басты артықшылығы ретінде танып отыр. Татуласудың көптеген жағдайында талап қоюшының бұзылған құқықтары сотқа жүгінген уақыттан бастап екі апта ішінде қалпына келтіріледі. Осылайша, «Соттағы татуласу рәсімдері» жобасы бір жылдың ішінде өзінің тиімділігін көрсетті. Дауды қысқа мерзімде шешуде өтімді тәсіл және соттан тыс медиацияны дамыту үшін бетке ұстар үлгі болып табылады.

Қ. ДЮЗГЕНБЕКОВА,
Кербұлақ ауданының №2 аудандық сотының бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

МЕРЕЙ

Биылғы жыл Бектемісовтер отбасын шаттық пен қуанышқа бөлеп тастапты. Атап айтқанда, отанасы Камила қараша айында 70 жасты еңсерсе, отағасы Кенжебек желтоқсанның 5 жұлдызында 80-нің сеңгіріне шығып отыр. Бұған қоса екеуінің отау тігіп, шаңырақ көтергендеріне де жақында жарты ғасырдың жүзі болыпты. Міне, осылайша, үш торқалы той тоғысып, шұғылалы шаңырақты шаттық пен нұрға бөлеп жатыр екен.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді халқымыз. Текті атаның асыл қанымен, ару абзал ананың ақ сүтімен бойына биік адамгершілік пен мейірбан парасаттылық, дархан даналық дарыған шынайы ақ пейілді абзал жандардың қатарына ағайын туыс, жекжаттарының ғана емес, ел жұрттың ілтипат сыйқұрметіне бөленіп жүрген жаны жайсаң, жүрегі жомарт Кенжебек Бектемісов ағамызды да қосуға болады. Мұндай қасиеттер жан дүниесі ыждаһаттылыққа ұштасып жатқан рухы биік, ары таза адамдарға ғана тән екені хақ. Сондықтан, орайы келіп тұрғанда мен он бес жыл бірге қызметтес болған бұрынғы әріптестерім, бір жағынан ақылшы ағам әрі тәлімгерім жайлы ойымды



алынып, үш жыл азаматтық борышын абыроймен атқарып, ауылына оралады да ұжымшардың қат-қабат шаруаларына белсене араласып кетеді. Еңбек ете жүріп, білімін көтеруді де назардан тыс қалдырмай, 1968 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне сырттай оқуға түседі де, сол жылдың шілде айында Талдықорған (қазіргі Ескелді) ауданында «Жетісу шұғыласы» газетіне тілші болып орналасады. Осында бір жылдан астам газет редакторы Рымтай Дәулетовтың басшылығымен Сағындық Тәнекенов, Асхат Ибрагимов, Әбдіқазыр Алашбаев, Сәбит Бибаев, Дауылбай Досымбеков сияқты әріптестерімен қоян-қолтық еңбек етіп, журналистиканың алғашқы өліппесін меңгереді. Содан 1969 жылдың 1 қазанында өзінің тұрғылықты жері Киров (қазіргі Көксу) ауданында «Еңбек туы» - «Знамя труда» газеті құрылып, оған бүгінгі таңда республикамызға танымал қаламгер Әли Ысқабай редактор болып тағайындалады. Сол кісі жаңа газетке жергілікті мамандарды тартып жатқан кезде Кенжебек Бектемісов пен Сағындық Тәнекенов екеуі «Еңбек туына» жұмысқа орналасады. Міне, содан бастап осы басылым жабылып қалғанша, яғни,

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАРА НАРЫ

ортаға салуды жөн көрдім.

1974 жылы Совет Армиясы қатарындағы әскери борышымды өтеп қайтқан соң, С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскен соң мамандығым бойынша жұмыс іздеп, Киров аудандық «Еңбек туы – Знамя труда» газетінің редакциясына бас сұққанымда, ең алғашқы тілдесіп, жөн сұраққан адамым осы Кенжебек Бектемісов болып шықты. Кенжебек кабинетіне кіргізіп, келген шаруамды сұрап, аты жөнімді естігеннен кейін, кәдімгі бір байырғы танысындай жақын тарта өңгімелесті. Мұның сырын мен өңгіме арасында аңғардым. Сол кезде, Кенжебек газеттің хат-хабар бөлімінің меңгерушісі екен. Мен болсам, мектеп қабырғасында жүргенде шимайлап, шағын мақалаларды аудандық газетке жолдап тұратынмын. Соларды Кенжебек өңдеп, газет бетіне бастыратындықтан, менің аты жөнімді сырттай білетін көрінеді. Содан, Кенжебек мен редактордың орынбасары, кезінде Алдабергенов ауылында алғашқы ұстазым болған Сағындық Тәнекенов марқұм екеуі сол кездегі бас редактор Рымтай Дәулетовтың алдына барып, мен туралы пікірлерін айтып, фототілші болып қабылдануыма себепкер болған еді.

Он бес жылдың ішінде Кенжебек Бектемісовтың бойында көптеген адами қасиеттері бар екеніне көз жеткіздім. Ол кезде аудандық газет аптасына үш рет қазақ және орыс тілдерінде басылатын. Сондықтан орысшадан қазақшаға немесе керісінше материалдарды аударуға тура келетін. Бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшағы болғандықтан орысшадан қазақшаға аудару маған да жүктеле бастаған. Аударманың өзіндік қиындықтары кездескенде тауым шағылып, аудармадан ат тонымды ала қашуға әзір болған кезімде, Кенжебек көмекке келіп, қамқорлық көрсеткені әлі есімде. Ол кісінің алдында қалың кітап жататын. Соны маған ұсынып, «Мына «киіз кітапқа» қарап, қиналған сөздеріңнің аудармасын тауып ал, бірақ, мұндағы көрсетілген сөздер еркез дәлме-дәл бола бермейді, сондықтан сөйлемнің мағынасын

1989 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНДА «ЕҢБЕК ТУЫНАН» ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ НҰСҚАУЫМЕН ТЕКЕЛІ ҚАЛАЛЫҚ РАДИОСЫНА РЕДАКТОР БОЛЫП АУЫСҚАНЫМДА КЕНЖЕКЕҢ НАҒЫЗ КЕМЕЛ ШАҒЫНДАҒЫ ЖІГІТ АҒАСЫ БОЛҒАН. СОДАН ЖҰМЫС БАСТЫ БОЛЫП АРАҚАТЫНАСЫМЫЗ ҮЗІЛІП КЕТТІ. УАҚЫТ НЕ ДЕГЕН ЖҮРДЕК ДЕСЕҢІЗШІ. СОДАН БЕРІ СЫНАПТАЙ СУСЫП, ОТЫЗ ЖЫЛДАЙ МЕРЗІМ ӨТЕ ШЫҒЫПТЫ. АЛАЙДА, МЕНІҢ КӨЗ АЛДЫМДА КЕНЖЕКЕҢ МЕН КӘМИЛА БЕЙНЕСІ СОЛ ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫДАЙ ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА САҚТАУЛЫ ТҮР...

түсініп алып барып, аудару керек, қажет болса ерінбей барып, жазған адамнан сұра», деп ағалық ақылын айтты. Ақтарып қарасам «Орысша-қазақша сөздік» екен. Шынында да, аударманың мағанасына терең бойлап барып, аудармаса мақаланың мәні өзгеріп кететініне кейін көзім жете түсті.

Кейіннен «Еңбек туына» редакторлыққа Сағындық ағамыз тағайындалғанда, Кенжебек жауапты хатшы болды. Міне, осы лауазымда К.Бектемісов сан қырлы іскерлігімен танылды. Жоғарыда айтқанымдай, аптасына қазақ-орыс тілдерінде жалпы саны алты газет шығару қажет болған. Солардың әр беттеріне басылатын материалдардың мағынасы мен мәні жағынан рет ретімен әрі көлеміне лайықты орналастыру жауапты хатшының міндеті еді. Ал, ол дұрыс мақеттелмесе, беттегі материалдар не жетпей, не асып кетіп қысқартылып жатса, онда баспахан тарапынан наразылық туындап, айғай-шу болатын. Ол жылдары баспахандағы газет беттеуші қыз-келіншектер салмағы зілдей қорғасын жолдардан құралған газет беттерін күніне сан көтеріп, сан түсіріп, әбден қалжырайтын. Сондықтан редакция тарапынан олқылықтар орын алып жатса басшысы Латиф Шерязданұлы Құсайыновпен бірге өре түрегеліп, актілерін толтырып, редакцияның кінәсін бетімізге басып жататын. Ақыры, редактор мен баспахан директорының арасында кикілжің туындап, дау дамайға да ұласушы еді. Міне, сондай кезде Кенжебекнің арағайындылық қабілеті молынан ашылып, дауласушы екі

басшының арасындағы жағдайды ушықтырмай, бітімгершілікке қол жеткізгенің талай күәсі болғанбыз. Бірте бірте макет сызудың да шебері болып алып, кез келген материалдарды математикалық есеппен қалыппен құйып қойғандай етіп, орналастырып, материалдардың кешіктірілмей берілуі үшін редакция қызметкерлеріне берген тапсырмаларын қайта-қайта қадағалап, уақытында дайындап беруіне қол жеткізетін. Сондай сәттерде, қос тілді газетте отырған мінездері әр қилы орыс-қазақ журналистерінің бәрімен тіл табысып, қағытпа қалжыңдары мен әдемі әзілдерін айта жүріп берген тапсырмаларын орындататын. Дауыс көтеру деген ол кісіге мүлдем жат қылық болған. Бірге қызмет атқарған жылдары Кенжебекнің дауыс көтеріп, біреуге «әй» дегенін естімеппін. Қажет болған жағдайда жайлап сөйлеп-ақ, жұмыста жіберген олқылығыңды орынды сынға алып, тезірек түзетудің жолын сілтеп, «мақтамен бауыздайтын». Жауапты хатшылық міндетіндегі жетіліп артылатын жұмысына қарамастан кейде өндірістік қажеттік туындап жатса, мерекелік нөмірлерге түйдек-түйдек өлең шумақтарын, еңбек адамдары әрлі де нәрлі очерктер мен суреттемелерді де жазып тастайтын. Осылайша, Кенжебек «Сегіз қырлы бір сырлы» жан деуге әбден лайық.

«Еңбек туы» газетінің қара қазанынан көптеген қарымды қаламгерлер, жалынды журналистер қайнап шығып, өзіндік тәжірибе жинақтап, кейінен облыстық, республикалық газеттерге ауысып жататын. Солардың қатарында,

алысқа бармай ақ, бүгінгі Алматы облысының екі аға басылымдары «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің бас редакторлары Әміре Әрін мен Атсалим Идигов, ардагер журналистер Қабдрахман Наурызбаев, Тұрсын Шенгелбаев, Николай Ягур, Валерий Лыков, сондай-ақ, бүгінгі таңда республикалық «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Тамара Устинова және басқалары Кенжебекпен қызметтес болған. Кенжебек де солар сияқты дәрежесі жоғары басылымдарға қызметке ауысуына мүмкіндігі талай рет болғанына мен өзім куәмін. Алайда, өзі іргетасын қаласқан аудандық «Еңбек туы» газетін қимай, оның жабылып қалғанына Сағындық ағамыз екеуі шама-шарқысы келгенше адал қызмет етті.

Кенжебекнің Құдай қосқан жары Кәмила Шайыққызы да еңбек жолын редакцияда бастап, зейнеткерлікке осы жерден шыққан жан. Ол әпкеміз де өз кәсібін жете меңгерген білікті маман атанған. Сол жылдары машинка бюросына мақала бастыру үшін журналистер кезекке тұратын. Қағазға басатын шойын машинканың өзі редакцияда тек машинка бюросында қос машинискада ғана болатын. Сондықтан Кәмиляның күнделікті жұмысы бастан асып жататын. Өзінің көп жылғы тәжірибесінің арқасында Кәмила машинканың қыры мен сырын жетік меңгеріп, майын ішкен маманға айналды. Редакцияда сол кезде облысымызға кеңінен танымал Уәлихан Шыңғысұлы, Лұқпан Шуашпаев, Жанайдар Бұралқиев сынды сақа журналистер шоғырланған болатын. Солар аудандық партия комитетінің есепті жиналыстарының, бюрларының есептерін айқара бетке орыс тіліне тіке аударушы еді. Сондай сәттерде, тіке аударма тарландарының өзі Кәмиляның қарқынына ілесіп алмай, жүрістерінен жаңылысып қала берген сәттерін де өз көзімізбен көргенбіз. Ал, әпкеміз болса саусақтарымен машинканың пернетақтасын, көз ілеспес жылдамдықпен сартылдатып, ауыздан шыққан сөйлемді лезде қағып алып, қағаз бетіне түсіріп екпінін еселей түсетін. Осының өзі-ақ, оның өз ісінің хас шебері екенін аңғартса керек.

Кенжебек Сиражанұлы Бектемісов 1939 жылғы 5 желтоқсанда дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын Көксу ауданының Ленин атындағы ұжымшарында қатардағы жұмысшы болып бастаған. 1963 жылы Кеңес Армиясы қатарына

2010 жылға дейін, 41 жылдан астам табан аудармастан тілші, аудармашы, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы және редактордың орынбасары міндеттерін абыроймен адал атқарып газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңып, оның қара жұмысын өрге сүйреген нағыз қара нары атанды деуге болады. Бұған, сүйікті газетінің соңғы санын шығарып, белсенді зейнет демалысына Кенжебек 71 жасында ғана шыққаны дәлел болса керек. Осындай бедел биікке жеткен, ақыл-парасаты таразы басында қашан да кең тұратын ағамыздың «Еңбек туына» сіңірген елеулі еңбектері де елеусіз қалған жоқ. Газет мазмұнын жақсарту және полиграфиялық безендіру жөнінде республикалық байқауларға «Еңбек туы» бірнеше рет қатысып, Қазақ ССР-і, Министрлер Советі баспа, полиграфия және кітап саудасы «Қазақстан Журналистер Одағы басқармасы жөніндегі мемлекеттік комитеті республикалық байқауының бірнеше рет жүлдегері атануына байланысты Кенжебек Бектемісов бүкілодақтық байқаудың үшінші дәрежелі және республикалық байқаулардың бірнеше мәрте үшінші және екінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған. Сан рет аудан өкімінің алғыс хаттары мен мақтау грамоталарына ие болған. 1965 жылы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 жылдығы мерекелік медалімен және «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. «Көксу ауданының құрметті азаматы» атағы берілген.

Киров ауданына оралған жылдың желтоқсанында елу жыл бойы дөм-тұздары жарасып, бақытты ғұмыр кешіп отырған сүйікті жары газет машинискасы Кәмила Шайыққызына үйленеді. Еңбек жолын «Еңбек туында» бастаған Кәмила да бір жерде табан аудармай міндетін мінсіз атқарып, зейнет демалысына шығады. Тірлігі мен бірлігі жарасқан шуақты шаңырақта Ардақ, Айгүл, Алтынай есімді үш қыз бен ұлдары Шыңғыс дүниеге келеді. Кенжебек мен Кәмила қазір ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерінің қызығына тоймай бақытты ғұмыр кешуде. Кенжебек болса аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде аудан тірлігіндегі қоғамдық жұмыстарға араласып, жастарға тәлім-тәрбие беру ісіне әлі де болса өз үлесін қосуда.

**Шора БАТЫРБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА В НАШЕЙ РЕСПУБЛИКЕ



создании условий для равного проявления как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Гендерная политика – это государственная и общественная служба, направленная к достижениям равенств мужчин и женщин. Во всех сферах общественной жизни, гендерное равенство защищает личностные особенности не только женщин, но и мужчин. Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны. Понятия гендерное равенство – это равное схождение и различия общества среди мужчин и женщин. Гендерная политика в общественно-политической жизни занимает особое место в структуре гармонизации состояния. В обеспечении прав и возможностей женщин и мужчин в 1998 году Указом Главы государства в Республике Казахстан создана национальная комиссия по вопросам семьи. В 1999 году Правительство Республики Казахстан создал национальный план, в целях улучшения положения женщин в Республике Казахстан, на сегодняшний день этот план выполнен на 80 процентов. Для создания условий женщин для активного участия в экономической жизни, право женщин на улучшение здоровья и повышение социальных гарантий матерей и ребенка Постановлением Правительства Республики Казахстан утвержден национальный план по улучшению положения женщин в Республике Казахстан. В соответствии со статьей 33 Конституции, граждане имеют равные права и возможности в управлении делами государства. В стране 2000 году ссылаясь Конвенции Генеральной Ассамблеи ООН объявлен «Международный день борьбы с насием в отношении женщин и его ликвидации».

Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин», «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины». Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Прежде всего это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала,

особо следует отметить, что одним из важнейших принципов социальной политики до 2050 года в соответствии с Посланием Президента РК – Лидера нации народу Казахстана "Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства" является защита материнства. Исторически у нашего народа сложилось уважительное отношение к женщине. Придерживаясь наставлений Президента страны об активном вовлечении женщин в государственное и общественное управление, особенно на местном уровне в регионах, в Казахстане сформировалась собственная модель гендерной политики, основанная на учете национальных особенностей и международного опыта.

Подводя итог вышеизложенному, мы можем констатировать целенаправленное проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности стран мирового сообщества. Гендерная политика в Казахстане базируется на принципах преемственности и сбалансированности, является важной составляющей внутренней политики страны и направлена на упрочение национального согласия и единства.

Согласно мировому опыту женщины вносят особый вклад в общественную жизнь. Так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Майкуль МАМУТОВА,
судья Талдыкорганского
СМАС Алматинской области.

ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА – ГЛАВНЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. ЭТА ДАТА ОТМЕЧАЕТСЯ В КАЗАХСТАНЕ ЕЖЕГОДНО 16 ДЕКАБРЯ. ДАТА ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ «ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА» БЫЛА ВЫБРАНА НЕ СЛУЧАЙНО. 16 ДЕКАБРЯ 1991 ГОДА ВЕРХОВНЫЙ СОВЕТ КАЗАХСТАНА ПРИНЯЛ ЗАКОН О НЕЗАВИСИМОСТИ И ГОСУДАРСТВЕННОМ СУВЕРЕНИТЕТЕ РЕСПУБЛИКИ. ПОСЛЕ РАСПАДА СССР КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ РЕСПУБЛИКА СТАЛА ПОСЛЕДНЕЙ ИЗ СОЮЗА НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ, ПРОВОЗГЛАСИВШЕЙ СВОЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СУВЕРЕНИТЕТ.

САМЫЙ ЗНАЧИМЫЙ ПРАЗДНИК СТРАНЫ

День независимости Казахстана по праву можно назвать одним из самых значимых праздников не только для государства, но и для всего народа. Казахстан – это государство, напоминающее одну огромную семью. На его территории проживает более 17 миллионов человек разных народностей и национальностей, и в День независимости Казахстана поздравления звучат на самых разных языках: на русском, казахском, татарском, уйгурском, корейском и немецком. Для всех этих людей Казахстан – родной дом, Отчизна. Каждому его жителю, испытывающему чувство гордости за свою державу, следует не забывать об истории своей Родины, ценить успехи и достижения настоящего времени, прилагать со своей стороны массу усилий для дальнейшего развития республики и её светлого будущего.

День независимости Республики Казахстан – это праздник, который из года в год подтверждает свершенные существующих государственных преобразований. Прошлые годы национальной независимости стали для Казахстана периодом упорного, тяжёлого труда по воссозданию абсолютно новой демократической системы



государственных институтов, оптимизации политического режима и правовых отношений.

Подводя черту ежегодных достижений в День независимости Республики Казахстан, невозможно не упомянуть о налаженной политической жизни страны. Отмечая 16 декабря День независимости Казахстана, стоит отметить и такое памятное событие, как отказ государства от ядерной программы. В скором времени после провозглашения независимости Казахстан добровольно объявил себя страной,

на территории которой не будет применяться любое ядерное оружие. Внимания заслуживает и внешняя международная политика государства. Достижения дипломатических миссий Казахстана очевидны: более 120 держав установили с республикой партнёрские межгосударственные отношения, направленные на предоставление гарантий суверенности и самостоятельности государства. Подтверждением тому служит полноправное членство страны в ООН, активное сотрудничество с мировыми влиятельными организациями.

Немаловажную роль играет День независимости Казахстана в патриотическом воспитании молодёжи и школьников. В преддверии праздника педагоги готовят программы проведения мероприятий в школах, колледжах, вузах. Его составление направлено на привитие каждому ученику чувства любви к Родине, нравственности, активной гражданской позиции и патриотического духа.

Сегодня можно с уверенностью сказать, что Казахстан стал известным на международной арене и занял достойное место среди мировых экономических систем.

Виктор ХИЛЬНИЧЕНКО,
руководитель КТ «Хильниченко и К», депутат областного
маслихата.
Ескельдинский район.

ВИРТУАЛЬНЫЙ СУД – ЭКОНОМИТ ВРЕМЯ И СРЕДСТВА

Современное оборудование видеосвязи обладает функциональными возможностями, о которых несколько лет назад можно было только мечтать. Расширяется использование высокоскоростного Интернета, применение средств видеосвязи становится все более привычным и легким. Основным фактором, влияющим на рост рынка видеоконференцсвязи (ВКС), является экономия времени, снижение расходов на поездки, люди все чаще стали прибегать к средствам виртуализации встреч. Об этом подчеркнул и Председатель Верховного Суда Республики Казахстан Ж. Асанов, указав: "Обеспечить беспрепятственный и удобный доступ к правосудию через IT-сервис. Здесь у нас достижений очень много. Мы здесь обоснованно можем гордиться. Автоматизировать судопроизводство и сделать его экономным. И начать работать с большими данными, использовать все возможности мировой судебной практики. Как сейчас говорят - искусственный интеллект".

В настоящее время в рамках седьмого приоритетного направления Верховного Суда Республики Казахстан по дальнейшей цифровизации процесса отправления правосудия, в судах республики реализуется проект «Виртуальный суд». Проект «Виртуальный суд» позволяет участникам судебных процессов дистанционно участвовать в судебных заседаниях, сокращает сроки рассмотрения судебных дел, экономит время и средства участников судебного процесса, связанного с проездом до суда и обратно, решает проблемы физически ограниченных к перемещению по медицинским показаниям граждан. Так во многих отдаленных от расположения судов регионах, сельских округах оборудованы кабинеты судебного заседания с возможностью подключения посредством видеоконференцсвязи с судами. Разъясняя простым языком, процедура дистанционного участия в судебных заседаниях выглядит следующим образом: гражданин (участник судебного процесса) получив повестку (извещение) о вызове в суд, сообщает суду о желании участвовать в судебном заседании дистанционно, посредством видеоконференцсвязи или посредством мобильной видеоконференцсвязи; далее в назначенное время технические работники судов соединяют компьютер, установленный в зале судебного заседания с компьютером или мобильным телефоном участника судебного процес-

са, вот таким простым способом проводится дистанционное судебное заседание. Данный проект позволяет жителям отдаленных районов, а также близлежащих сельских округов, не выезжая в районный центр, участвовать в судебных заседаниях. Аналогичная процедура дистанционного участия в судебном процессе предусмотрена и мобильной видеоконференцсвязью (МВКС), т.е. дистанционное участие в судебном заседании с помощью мобильного телефона. Мобильная видеоконференцсвязь предоставляет еще больше возможностей для участия в судебном заседании, участник судебного заседания может подключиться к судебному заседанию в любом месте, где бы он не находился. Для проведения МВКС необходимо стороне по делу скачать программу TrueConf приложения PlayMarket или AppStore (или другое приложение) и установить на телефон.

Современные суды становятся мобильнее, внедрение новых актуальных проектов в судопроизводство способствует расширению доступа к правосудию, исключению судебной волокиты и упрощению работы судов.

Мурат ТАНИРБЕРГЕНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ФЕСТИВАЛЬ БАУЫРСАКОВ



«Бауырсақ Fest», - под таким названием в Назарбаев Интеллектуальной школе города Талдыкорган прошел фестиваль бауырсаков. Родители и учащиеся представили несколько видов этого блюда. Каждый из них отличался не только по форме, но и способом приготовления. Кто-то делал его из дрожжевого теста, кто-то из пресного, кто-то готовил на кефире. К примеру, «Жол баурсақ» специально пекут для тех, кто собирается в дальнюю дорогу. «Ак баурсақ» - один из древних и забытых видов выпечки.

В этот день во дворе школьного интерната царил особенная атмосфера. Под открытым небом был накрыт праздничный дастархан, кипятились самовары, в воздухе витал вкусный аромат горячих бауырсаков. Играла национальная музыка, юные домбрысты исполняли произведения в классической и современной манере. Родители показывали мастер-класс, делясь секретами вкусного приготовления национальной кухни, ребята в свою очередь относили их для обжарки в большом казане. Приготовленные «Жол баурсаки» стали угощением и для прохожих талдыкорганских жителей.

По словам школьного педагога-воспитателя Гульнар Сейдахметовой, «Бауырсақ Fest» стал еще одной традицией Интеллектуальной школы, которая воспитывает в учащихся этическую культуру, уважение к традициям и обычаям своего народа. Это была не только воспитательная работа, но и время совместного отдыха детей и их родителей.

АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ

ҚАПШАҒАЙ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНАН 70, АЛ ОБЛЫС
ОРТАЛЫҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАННАН
210 ШАҚЫРЫМДАЙ ЖЕРДЕ
ОРНАЛАСҚАН. ҚҰДАЙ ҚАЛАСА КЕЛЕР
ЖЫЛЫ ҚАЛА ЖҰРТШЫЛЫҒЫ КИЕЛІ
ШАҒАРДЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙЛІ
МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАМАҚ. «ЕЛУ ЖЫЛДА
ЕЛ ЖАҢА» - ДЕМЕКШІ, ОСЫ ЖЫЛДАР
ІШІНДЕ ЖАС ҚАЛАНЫҢ КӨПШІЛІКПЕН
БӨЛІСЕР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ, ҚОЛ
ЖЕТКІЗГЕН ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРЫ ДА
БАРШЫЛЫҚ. ОСЫ РЕТТЕ ҚАЛАНЫҢ
КӨРКІНЕ ӨҢ БЕРІП, ТЫНЫС-
ТІРШІЛІГІН ЖАҢА АРНАҒА БҰРҒАН
ІЛЕ ӨЗЕНІ ТУРАЛЫ АЙТАР ӘҢГІМЕ
ДЕ МОЛ-АҚ. ҰЗЫНДЫҒЫ 100, ЕНІ 25
ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН ІЛЕ СУ
ҚОЙМАСЫ БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАПШАҒАЙ
ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНЫҢ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛДЫ ДЕСЕК
ТЕ АРТЫҚ АЙТҚАНДЫҒЫМЫЗ ЕМЕС.

- Рас айтасыз. Негізінен Қапшағайдың тарихы тым тереңде жатыр. Ол туралы әдебиетші, тарихшы ғалымдарымыз соңғы жылдары кеңінен айта бастады. Қарап тұрсаңыз, оған толық негіз де бар. Атақты Ұлы Жібек жолы да дәл осы шаһарымыздың үстімен өткенін көпшілік бүгінде жақсы біледі. Шеңгелді елді мекені ежелгі дәуірде үлкен қала болып тұрғаны да тарихи деректермен анықтала бастады. Ұлы Жібек жолын XII ғасырда, нақтылай түссек 1253-1255 жылдары атақты саяхатшы Гильом Рубрук пен Италияндық жиһанкез Марко Поло кесіп өткен. Олар жүрген жерлерінің тарихы мен тұрғылықты халықтың салт-дәстүрлері жөнінде мол мағлұматтар қалдырғаны да жасырын емес. Әсіресе Іле, Көксу, Қаратал өзендері мен Балқаш пен Алакөл жөнінде, сондай-ақ көне қалаларымыз Шеңгелді, Қойлық туралы жазалар деректері де бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас мұра. Сол сияқты VI-VIII ғасырлар аралығындағы, яғни қола дәуірінің тыныс-тіршілігін кеңінен бейнелейтін сурет, жазбалардың мол қоры «Таңбалы тас» ескерткіштері Қапшағай маңынан табылып, ел назарын өзіне аударып отырғаны да көпшілікке аян. Мұндағы таңба, суреттердің жалпы саны 5 мыңнан асады. «Тамғалы тас» ескерткіштері әлемдік маңызы бар қазына ретінде тіркеліп, 2006 жылы ЮНЕСКО-ның бақылауына алынды,- дейді Қапшағай қаласының Дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айдын Мейірханұлы Абылқасым.

- Әңгіме арқауы туризмге қарай бұрылып бара жатқан сияқты. Дегенмен оқырмандарымызға түсінікті болуы үшін Қапшағай қаласының бүгінгі тыныс-тіршілігіне қысқаша тоқтала кетсеңіз?

- Қапшағай қаласы Іле ауданының орталығы болып саналады. Аумағы – 3,6 шаршы шақырымды алып жатыр. Қала 1970 жылы құрылған. Тарихи дерекке жүгінсек, 1853 жылы топограф Сонин Іле өзені арқылы өткел ретінде және әскери бекініс құрылысын салуда осы жерді қолайлы деп таңдайды. Қапшағай шатқалында су электр стансасын салу идеясы 1942 жылы басталса, 1960 жылдары «Гидропроект» бүкілодақтық жобалау-іздеу және ғылыми-зерттеу институтының қазақ филиалында Қапшағай ГЭС-інің жобалау жұмыстары толық аяқталады. Бүгінде тұрғындардың саны 60 мыңға жетті. Қала құрамына 8 елді-мекен кіреді. Қазіргі таңда Қапшағай қаласы мен Заречный, Арна және Шеңгелді поселкелерінің жалпы халық саны 78257 адамды құрайды. Жұмыс істеп тұрған шаруашылық субъектілердің саны 900-ден асты. Олардың 486-сы заңды тұлғалар да, 418-і жеке тұлғалар. Экономика салалары бойынша айтсақ, 75 кәсіпорын өндіріске, 42-сі құрылысқа, 32-сі ауылшаруашылық пен балық аулауға, 31-і транспортқа

ҚАПШАҒАЙДЫҢ БАҒЫ МЕН БАБЫ



қатысты. Соңғы жылдары ашылып, қала бюджетіне айтарлықтай өз үлестерін қосып отырған «Кнауф Гипс Қапшағай», «Қапшағай құрылыс комбинаты», «Агро фит Қапшағай», «Пеноплекс» сынды кәсіпорындардың жұмыстарын да ерекше атап өтуге тұрарлықтай.

- Қаланың тұрған орны тарихи деректерге өте бай болуымен қатар туризмнің дамуына да Іле өзенінің қосып отырған үлесі де өте зор екенін жақсы білеміз. Осы жағында қамти кетсеңіз?

- Расында туризмді ауызға алғанда, Жер жәннаты Жетісу өлкесінің киелі құдіретіне еріксіз басымызды иеміз. Бұлтпен таласып, күнмен шағылысқан аспан тауларымыз Алатауды айтпағанда, етегінде жатқан Есік көлі мен Іле су қоймасын, Шарын шатқалын, Балқаш пен Алакөлді тілге тиек етсек аздап мақтанғандай боламыз-ау. Биылғы жылы Алакөлге келіп демалушы туристердің саны 1 миллионнан асса, Қапшағайда тынығып, адамдырдың саны да олардан кем болған жоқ. Қаламызда адамдардың келіп, демалуларына барлық жағдай қарастырылып отыр. Бүгінгі таңда қалада туризмнің 186 нысаны тіркелген. Оның ішінде 8 қонақ үйі, 1 қонақжай, 2 аңшылық үйі, 1 демалыс орны, 1 шипажай, 1 сауықтыру лагері және су жағасында 230 демалыс базасы халыққа қызмет көрсетеді. Туризмді дамыту жоспары бойынша Қапшағай аумағында 3 туристік бағыт жұмыс істейді. Олар: Алматы қайығымен Қапшағай су қоймасында серуендеу және 2 мың жылдық тарихы бар Ұлы Жібек жолы «Тамғалы тас» мекені бойынша саяхаттау, және су жағасындағы демалыс базалары бойынша экскурсиялық серуендеу қызметтері жұмыс істейді. Осы жерде реті келіп тұрғанда 1994 жылы арнайы Италияндық жоба бойынша құрылған қалалық аквапарктің де демалушылар үшін орны бөлек екенін атап өткенім орынды болар.

- Қысқа әңгіме барысында туризм саласының айтарлықтай дамығаны байқалады. Реті келгенде келешекте арнайы тоқталатын боламыз. Енді өз тақырыбымыз бойынша, қала тұрғындарының бұқаралық спортқа қарай бет бұрысы қандай деңгейде деп ойлайсыз?

- Шаһар жастарының спортқа деген ынта-жігері өте жоғары. Қапшағайда спорттың 18 түрі бойынша 173 спорт нысандары халыққа қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, 17 спорт залы, 8 жүзу бассейні, 3 теннис алаңы, 1 хоккей алаңы, 96 жазықтық құрылыс, өтімділігі 350 адамдық

8 жекеменшік жаттығу залы бар. Спортпен тұрақты шұғылданатын жандардың саны 18077 адам. Бұл қала тұрғындарының 29,7 пайызын құрайды. Мұнымен қоса Қапшағайда 2072 адамды қамтыған 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі табысты еңбек етуде. Атап айтқанда, облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 33 ұстаз-жаттықтырушы, 1365 оқушы жастар білім алуда. Ат спортына арналған мектепте 416 бала тәрбие алады. Ал маманданырылған спорт мектебінде 291 жас спортшы білім алып жүр. Олар спорттың 22 түрімен шұғылданады. Тарқатып айтсақ, дзюдо, самбо, белбеу күресі, грек-рим, еркін, қазақша күрес, бокс, футбол, волейбол, таэквандо, каратэ, греппинг, желкенді спорт, байдарка және каноэмен есу, баскетбол, жағажай футболы, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, қазіргі бейсбол, ат спорты, көкпар сынды спорт түрлерімен айналысады.

- Дұрыс екен. Енді сол жалынды жастардың қол жеткізген жетістіктері туралы да айта отырсаңыз?

- Жастарымыздың аламан бәйгелерде топ жарып, жүлделі орындардан көрініп, жерлестеріне қуаныш сыйлап жүргендері де жеткілікті. Мысалы қаламыздың 124 спортшысыөздерітаңдағанспорттыңтүрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді. Әлемдік аренада жүлдемен жарқырап жүргендері де бар. Осы деректің өзі де біраз сырды аңғартқандай емес пе?! Өткен жылы спортшыларымыз өртүрлі деңгейдегі додалы бәйгелерге қатысып, қала қоржынына 380 алтын, 359 күміс, 434 қола медаль өкелсе, биылғы жылдың онбір айында 355 алтын, 299 күміс, 401 қола медальға қол жеткізді. Құдай қаласа жыл аяғына дейін жастарымыз бұдан да зор жетістікті бағындыратынына күмәніміз жоқ. Бұлай айтуымызға жігіттеріміздің бойында күш пен қуатта, ең негізгісі жеңіске деген сенімдері бар. Нақтылай түссек, үстіміздегі жылдың қазан айының бірі мен тоғызы аралығында Қапшағай қаласында желкенді спортпенан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Осы аламан бәйгеде қапшағайлықтар 12 алтын, 16 күміс және 17 қола медальды қанжығаларына байлады. Өткен жылғы жарыста да біздің жігіттеріміз бірінші орынды 16 спортшы, екінші орынды 16, ал үшінші орынды 12 спортшымыз еншілеген еді. Бір сөзбен айтқанда еліміз бойынша су спортынан әзірге Қапшағай жастары көш бастап тұр десекте болады. Футбол, волейбол, бокс пен каратэ сынды спорт түрлерінен де жастарымыз

олжасыз оралған емес. Таяуда Талғар қаласында қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды. Жарысқа 18 командадан 201 «сен тұр, мен атайын» дейтін нағыз ер жігіттер боз кілемде бақ сынасты. Нәтижесінде біздің жігіттеріміз үш алтын, бір күміс және екі қола медальды ұтып әкелді. Айдос Жұмабек, Ақжол Қадыр мен Ерболат Нишанов жарыстың чемпиондары атанды. Жаңалық ауылында еркін күрестен өткен ашық біріншілікте қапшағайлық жастар әріптестерінен үздік шығып, көңіл қуанарлықтай нәтиже көрсетті. 8 алтын, 4 күміс және 10 қола медальды иеленді. Үстіміздегі жылдың ақпан айында Талдықорған қаласында бокстан облыс чемпионаты өтіп, 19 командадан 306 спортшы өзара бәсекеге түсті. Қорытындысында жігіттеріміз жігіттеріміз 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медальға ие болды. Әділ Жайлауханұлы облыс чемпионы атанды. Тағы да осы ақпан айында Қапшағай қаласында баскетболдан 2004-2005 жылдары туған ұлдар мен қыздар арасында Алматы облысының чемпионаты ұйымдастырылды. Додалы бәсекеге 13 ұлдар мен 8 қыздар командасы қатысты. Ойын соңында ұлдарымыз барлық қарсыластарын жеңіп, чемпион атанса, қыздарымыз күміс медальдан алпақтақты. Жарыс қорытындысында жас қыранымыз Тимур Снегиров «Үздік ойыншы» деген атағын алса, Дарья Хан «Үздік шабулшы» атанды.

- Мүмкіндігі шектеулі жандардың да бұқаралық спортқа белсенді қатысатын болар. Жалпы жергілікті жерлерде спорт ғимараттарын салу, кеңейту және дамыту мәселесі туралы не айтасыз?

- Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да бұқаралық спортқа деген ынта-ықыластары жоғары. Олардың өздері қалаған спорт түрлерімен алаңсыз шұғылдануына жергілікті әкімдік тарапынан барлық жағдай қарастырылған. Әсіресе, қаламыздағы «Қамқор жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ләззат Салықованың басшылығымен атқарылып жатқан жұмыс барысы да ұшаң-теңіз. Өткен жылдың мамыр айында мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында облыстық V-ші спартакиадасы өткенін көпшілік жақсы біледі. Мұнда жеңіл атлетика, жүзу, волейболдан отырып ойнау, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, оқ ату сияқты спорт түрлері кеңінен қамтылды. Біздің команда мұнда да үздік шығып, 2 алтын, 4 күміс және 6 қола медальдарды еншілеп қайтты. Осы сияқты табыстар тізбегін барлық сала бойынша айта беруге болады. Негізінен игілікті істердің бәрі де күндіз-түні тынымсыз, асқан төзімділікпен жұмыс істейтін жаттықтырушы-ұстаздардың ерен еңбегі екені де даусыз. Ал «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында да біраз жұмыстар қолға алынды. 2017-2019 жылдар аралығында қаламызда 18 футбол алаңы мен 1 баскетбол алаңқайы іске қосылды. Сонымен қатар 3 жалпы білім беру мекемелерінде 3 стадион салынды. 2020-2021 жыл аралығында қала ішінде «Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің» құрылысы жоспарға енгізілді. «Арық айтып, семіз шық» демекші келер жылы шаһарымыз 50 жыл дейтін мерейлі мерекесіне қадам басады. Осы торқалы тойға жас спортшыларымыздың халыққа сыйлар олжалы сәттері де мол болар деген үміттеміз.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің тілшісі.

ҒЫЛЫМ

НУМЕРОЛОГИЯ - СІЗ БІЛМЕЙТІН ҚҰПИЯЛАРДЫ АШАДЫ

Нумерология – ежелден келетін ғылымдардың бірі. Ол жеке тұлғаның өзіне ғана тән мінез, мақсатқа ұмтылыс, күш-жігер сынды қабілеттерін анықтауға көмектеседі. Адамның өзі білмейтін құпияларын да ашуы мүмкін. Оны жүзеге асырып көру үшін туған күніңізді білсеңіз жеткілікті.

Мысалы: туған күніңіз 23.05.1993.
23=2+3=5. 05=0+5=5. 1993=22=2+2=4.
5+5+4=14. 14=1+4=5. Яғни бізге керегі «5» саны.

«1» саны шықса: Бір саны тұлғаның тәуелсіздігін, мақсаттарын айқын көре алатындығын білдіреді. Бір уақытта бірнеше тапсырманы орындай алатын күш-жігері бар. Көшбасшылық қасиетке ие. Мақсатына жету үшін маңдай терімен еңбектенеді. Кемшіліктері: эгоизм, шыдамсыздық және өзімшілдік. Олар ойланғаннан гөрі әрекет еткенді жақсы көреді. Өз пайдасы үшін айналадағыларды пайдаланудан тайсалмайды.

«2» саны шыққан болса: Бұл сан шыққан адамдар барлығымен достық қарым-қатынасты ұстанатын, сабырлы, ұялшақ жандар. Жолдастарының мықты болғандығын қалайтындығы осы қасиеттерінен болса керек. Табиғатынан кез келген кикілжіңді ретке келтіру қасиетіне ие. Топтық жұмыстарда ұнамды қасиеттерімен көзге түсіп, әрдайым сыпайылық танытады. Әділетті болуды

ұнатады. Ұялшақтықтарының арқасында барша армандарынан бас тартады. Бірақ, өзге тамаша қасиеттерінің арқасында айналадағы адамдарға үлгі бола біледі.

«3» саны шыққан болса: Бұл сан шыққан адамдар тез тіл табысатын әрі ерекше ойлы болып келеді. Бұл санмен көбінесе суретшілер, ақын-жазушылар дүниеге келеді. Олар өмірден барынша ляззат алып, жақындарына жақсылық жасауға тырысады. Әрдайым өз пайдасын шетке ысырып қоюға дайын. Махаббат пен гадауатқа да берік келеді. Қалай сүйсе, дәл солай жек көре алады. Кез келген қиын жағдайдан фантазияларының арқасында шығып отырады.

«4» саны шыққан болса: Бұл санмен дүниеге келген адамдар өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, байсалды жандар. Жұмыста бағалы қызметкерлердің бірі. Сөзімдерге көп беріле бермейді, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайды. Жеңілтек адамдарды ұнатпайды. Қандай жағдай болмасын өз шешімдерін өзгертпейтін қырсықтықтары бар.

«5» саны шыққан болса: Бұл

адамдардың стихиясы – таңғажайып оқиғалар мен тәуелсіздік. Олар спорттың экстремалды түрлерімен, ғылыми зерттеулермен айналысады. Саяхаттағанды жақсы көріп, сүйіктілеріне көп мән бермейді. Істің шешімін бірден тапқанмен, оны аяғына дейін жеткізбейді. Бостандығын шектейтін адамдармен тіл табыса алмайды.

«6» саны шыққан болса: Нумерология ғылымында 6 саны тұрақтылықтың белгісі. Алайда қай кезде болмасын доминант болуды жөн көреді. Материалдық құндылықтарды екінші орынға қояды. Мұнымен қатар, мансап жолында үлкен жетістіктерге жетеді.

«7» саны шыққан болса: Бұл адамдар өте ұяң. Бір жақты болуды ұнататындықтан, шешім қабылдауда қиналады. Қоғам ортасында қорғаушысының болуын қалайды. Өмірде кемелділікке жетіп, армандарын мақсатқа айналдырады. 7 саны рухани байлықтың белгісі.

«8» саны шыққан болса: Бай әулеттің баласы немесе болашақта дәулеті асқан байлықтың белгісі. Көп ақша табу үшін, күні-



түні еңбектенуге дайын. Олар үшін атақ пен дәреженің маңызы зор. Тәкаппарлық, қаталдық, билік жүргізуге деген құлшынысы көп жағдайда мақсатына жетуге кедергі келтіріп отырады.

«9» саны шықса: Бұл сан шыққан адамдар өзгелерге сенгіш, әрдайым қол ұшын беруге дайын жандар. Айналадағыларға үнемі жандары ашып, қайырымдылықпен белсенді түрде айналысады. Өкінішке орай, адамдарды тани алмайды.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Жаңа жыл да жақындап қалды. Корпоративті отырыстар, достармен кездесу немесе отбасылық дастархан – әр қыз барлық мерекеде әдемі көрінгісі келеді. Ең қарапайым көйлектің өзін шаш үлгісі арқылы ерекше етуге болады. Сондықтан жаңа жылдық кешке арналған шаш үлгілеріне идеялар ұсынамыз.



Моншақтар
Кез келген шаш үлгісін моншақтар арқылы мерекелі етуге болады. Ол, әдетте, моншағы бар түйреуіш ретінде сатылады. Биыл інжу тастары бар әшекейлер сәнде болғанын білеміз. Шаш үлгісі стильді көрінуі үшін әр түрлі өлшемдегі

ШАШ ҮЛГІСІН ТАҢДАУ

моншақтары бар түйреуіштер алыңыз. Оларды шашыңызға ретті немесе ретсіз түрде де тағуға болады.

Жылтыр
Жылтырсыз мереке бола ма? Шаш үлгісіне арналған жылтыры бар лактар мен спрейлер болады. Тіпті, оның түрлі түсті түрлері де кездеседі. Бір күн мұндай құралды қолданған шашқа зиянын тиізіңіз қоймайды.

Шашты төменге буу
Минимализмді жақсы көретін қыздарға шашты тегіс етіп төменге бууды ұсынамыз. Ол кез келген киім үлгісіне жарасады және нәзік әрі ұстамды көрінеді.

Шашқа сақина тағу
Осы жылдың бір тренді – шашқа дөңгелек әшекейлер өткізу. Шашты өре отырып, арасына дөңгелек әшекейлерді өткізіп отыру керек. Бұл шаш үлгісі уақыт алуы мүмкін және өзіңізге жасау қиынға соғады. Сондықтан осындай әшекейлерді сатып алып, шашты жақсы өретін құрбыңызға немесе шаш маманына барыңыз.

Түйреуіштер
Түйреуіштер әлі де сәннен шыққан жоқ. Түйреуіштермен шашты қыстырып қана қоймай, оны безендіруге болады.



БАС АУРУДЫ ЕМДЕУДІҢ 6 ӘДІСІ

Басыңыз сәл ауырса, дәрі ішуді әдетке айналдырдыңыз ба? Бұл жағымсыз сөзімнен құтылудың басқа амалдарын ұсынамыз.



Су ішу
Бас ауыру – ағзаның бізге берген бір белгісі. Бас сақинасы себептерінің бірі – ағзаның сусыздануы. Алайда бұл құбылыс әр кезде шөлдеумен бірге жүрмейді. Тіпті, мүлдем су ішкіңіз келмеуі мүмкін. Бірақ басыңыз ауырған бойда бір стакан су ішіп алыңыз, содан соң күні бойы аз-аздан су ішіп жүріңіз. Ағза ылғалдың қажетті мөлшерін алған соң бастың ауыруы әлсіз бола түседі. Бірақ қарапайым судан басқа сусындар көмектеспейді. Міндетті түрде қантсыз, қоспасыз және газсыз таза су ішу керек.

Қараңғыда демалу
Кейде бас сақинасының пайда болуына қарапайым жарық (табиғи немесе электрлік) себепші болады. Егер күні бойы компьютердің алдында

жұмыс істеген болсаңыз, экранның жарығы тек көзіңізге әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар бас ауруының пайда болуына ықпал етеді. Сондықтан басыңыз ауырайын деп тұрғанын сезсеңіз немесе басыңыз ауырып тұрса, компьютерді сөндіріп тастаныз және мүмкіндік болса, техниканың барлығы тоқтан суырылып тұрған қараңғы бөлмеге барып, аздап демалыңыз. Жарықтан басыңыз жиі ауыратын болса, күннен қорғайтын көзділдікті тек жазда емес, қыста да киіп жүріңіз.

Ванна қабылдау
Мүмкіндік болса, басыңыз ауырған бойда жылы ванна қабылдаңыз. Суға түймедақ немесе басқа да емдік шөптерді салыңыз. Эфир майлары туралы да ұмытпаңыз. Жағымды иістер бас ауыруын кетіре алады. Судан шыққан соң бірнеше тамшы эфир майын желке тұсына жағып, аздап массаж жасаңыз.

Суық компресс басу
Сүлгіні суық суға сулап, басыңызға қойыңыз. Суық қан жүретін тамырларды тарылтады, сондықтан бас ауырғандығын басады. Бұл процедураны 10 минут шамасында жасауға болады.

Үй жануарларын құшақтау
Үй жануарлары шынымен де әртүрлі ауруларды жеңілдеті алады. Мысалы, мысықты құшақтау қысымның түсуіне себепші болады. Тіпті, мысықтың пырылдағанына дейін бас ауырғандығын кетіруге көмектеседі екен.

Кофені азайту
Кофе адамға есірткі секілді әсер етеді. Себебі кофеге жылдам үйреніп кетесіз. Сондықтан ағзаға кофеиннің қандай да бір мөлшері жетпей тұрса, ол бас ауруын шақыртады. Алайда кофеден бірден бас тартпай, оның мөлшерін біртіндеп азайтыңыз.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚҰРМАНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Күн салқындағанда дүкендерде көп сатылатын жемістердің бірі – құрма. Аталған жеміс – жаңа жылдық дастарханның айналас бір бөлігі.

Құрмада қызғылт сары пигмент бета-каротин көп кездеседі. Ол аллергияның қозуына әкеледі. Үш жастан асқан балаларға құрма жеуге болады. Дегенмен оны көп тұтынбау қажет. Өйткені шамадан тыс жеу терінің сары түске боялып, каротинді сары ауруға себеп болады.

Дәмі ауыз қуыратын құрманың құрамында танин көп кездеседі. Танин дегеніміз – медицинада дәрі үшін, тұрмыста қырғыш ретінде қолданылатын емен және басқа ағаштың қабығынан жасалған ұнтақ. Оның асқазанға әсері қатты. Оның әсерінен ересектердің іші қатса, әлі асқазаны әлсіз балалардың ас қорытуы бәсеңдейді.

Сондай-ақ құрманың құрамында қанттың көп болатынын ескеру қажет. Құрмада 100 килокалория бар. Сусамырмен ауыратындар құрмадан түбегейлі бас тартуы керек. Толық піспеген құрма асқазанда безердің не қатты "тастардың" жиналуына әсер етеді.

Құрманы жер алдында оның қабығына назар салыңыз. Қара дақтары бар, қабығына зақым келген құрмадан аулақ болған жөн. Өйткені оның сыртында зиянды микробтар болуы мүмкін. Ол іштің өтуіне, жүректің айнуына және ағзаның әлсіреуіне сеп болады.

Шамадан тыс тұтынбай, белгілі бір мөлшерде жесеңіз ғана құрманың пайдасын сезінесіз. Оның құрамында көптеген пайдалы микро және макроэлементтер бар. Магний тамырларды босаңсытса, калий ағзадағы артық заттардың шығып, қан-қысымының төмендеуіне әсер етеді. Пектиндер болса токсинді заттарды жояды. Оған қоса құрма – йодтың таптырмас көзі. Дәрігерлер күніне екі құрмадан көп жеуге кеңес береді.



Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды

<p>Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ</p>	<p>Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ</p> <p>Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ</p> <p>Бас редактор Айтақын БҮЛҒАҚОВ</p>	<p>Редакция алқасы:</p> <p>Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары</p> <p>Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші</p> <p>Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші</p> <p>Айсұлу ӘБІШЕВА — тілші</p> <p>Кезекші редактор: А. ӘБІШЕВА</p>	<p>Алатау</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.</p> <p>Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.</p> <p>Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйді "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.</p>	<p>Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.</p> <p>Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru Сайты: alatau_gazeti</p> <p>Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.</p> <p>Тарапалымы 8098 Тапсырыс № 1661</p> <p>Индекс 15534</p>
---	--	---	---	--